Прокладывание пешеходных троп в пределах речных долин приводит к образованию таких же микротеррас на склонах, как и пастбищный перевыпас, также нагружает пойменные бровки или уступы надпойменных террас, вызывая осыпи и обвалы блоков супесчаного грунта или оползни блоков суглинистого грунта. Распространенный вид нарушения природного рельефа в зонах самодеятельного туризма – копани. Ямы разных форм и конфигураций отрываются отдыхающими для различных целей: хранения продуктов «в тени», «захоронения отходов», прикапывания палаток и кемпингов, заглибление костров, устройства временных туалетов и др. Дальнейшая судьба их определяется культурой туристов.

Воздействие туристов на почвы сказывается, прежде всего, в уплотнении верхних корнеобитаемых горизонтов почвы. Лесные ландшафты – хороший полигон для изучения стадий туристско-рекреационной дегрессии. Сначала происходит увеличение освещенности под пологом и образование световых окон в древесном пологе, дробление массива тропами и отдельными вытоптанymi пятнами-сбоями, уменьшение мощности подстилки вследствие вытаптывания. Нарушается целостность нижнего яруса, внедряются луговые и рудеральные виды, площадь троп возрастает до 30 %. В подросте начинают преобладать тонкомерные стволы, а в древостое появляются большие и усыхающие деревья. Особенно неустойчивы к вытаптыванию боры на поверхности эоловых дюн, т.к. в таких ландшафтах необратимые явления могут начаться при нагрузке 10 человек на 1 га/час [3].

В лиственных (осиновых, березовых, тополевых) рощах повреждения подстилки и почвы происходят на тропинках и дорогах. Следствие уплотнения – нарушение дренажа, которое вызывает эрозию, затрудняется доступ влаги и воздуха к корням растений и почвенным организмам. На суглинистых грунтах в местах активной рекреационной деятельности уплотнение почвы может вызвать развитие глеевых процессов, что изменяет общий характер ландшафта.

Схожие процессы наблюдаются в луговых туристско-рекреационных ландшафтах, в тех местах, где в течение длительного времени располагаются палаточные лагеря. Наиболее распространенные результаты воздействия туризма, содействующие эрозии, – сокращение растительного покрова и уплотнение почвы.

Длющийся годами умеренный туризм приводит к выборке сухостоя, уничтожению кустарникового яруса, разреживанию подлеска, невозможности возобновления деревьев и кустарников. В результате формируется «просветленный» лес, законсервированный в субклимаксовой стадии, то есть можно говорить о туризме как факторе, способном пролонгировать чередование сукцессионных стадий ландшафтов.




Рисунок 2 – Карта эколого-рекреационного районирования Республики Казахстан

Таблица 1 – Фрагмент матрицы эколого-рекреационного районирования Республики Казахстан

Административно-территориальная единица	Функциональные ограничения для развития туризма			Показатели суммарной балльной оценки		Уровень угроз для экологически безопасного развития
	антропогенная нарушенность ландшафтов, % от всей площади	заселенность, % от всей площади	условия доступности участков	природных факторов (Пп)	антропогенных факторов (Па)	
Акмолинская область						
Кокшетау г.а.	5	5	1	0,23	0,63	3
Степногорск г.а.	5	5	1	0,26	0,50	1
Аршалынский район	4	5	3	0,29	0,46	4
Аккольский район	3	5	2	0,31	0,38	2
Астраханский район	5	4	3	0,29	0,42	3
Атбасарский район	5	4	2	0,31	0,52	3
Буландынский район	3	5	2	0,23	0,44	3
Егиндыкольский район	5	3	3	0,29	0,49	4
Енбекшильдерский район	2	4	2	0,29	0,38	2
Ерейментауский район	1	5	2	0,31	0,45	3
Есильский район	4	5	2	0,29	0,45	4
Жаксынський район	5	4	3	0,29	0,43	2
Жаркаинский район	5	4	2	0,34	0,45	4
Зерендинский район	3	5	3	0,26	0,44	4
Коргалжынский район	2	4	3	0,31	0,36	2
Сандыктауский район	4	5	3	0,29	0,45	2
Целиноградский район	4	5	1	0,34	0,52	4
Шортандинский район	4	5	3	0,26	0,46	4

Таблица 3 – Индикаторы оценки функциональных ограничений для туризма

Индикаторы	Шкала балльной оценки				
	1	2	3	4	5
Антропогенная нарушенность ландшафтов, % от всей площади	< 10	10-30	30-50	50-70	> 70
Заселенность, % от всей площади	< 10	10-20	20-30	30-40	> 40
Условия доступности участков	оптимальные	хорошие	удовлетворительные	плохие	затрудненные

Выводы. Подводя итоги можно сделать следующие выводы: Казахстан представляет смешанную картину туристско-рекреационного освоения территории, с разными уровнями развития туризма на разных участках; использование интегральной оценочной шкалы позволяет оценить уровень угроз для экологически безопасного развития туризма в разных регионах страны; путем расчета показателей и оценки функциональных ограничений для развития туризма составлена карта эколого-рекреационного районирования Казахстана, которая помогает определить территории с разными уровнями угроз для экологически безопасного туристско-рекреационного развития; туризм – вид природопользования, влияние которого на ландшафты становится значительным при превышении определенной плотности туристов на единицу территории; прокладка пешеходных троп и другие виды активного отдыха в речных долинах приводят к образованию микротеррас, подобных эффектам пастбищного перевыпаса, что может вызывать эрозию и обвалы грунта; туристская деятельность в лесных районах приводит к увеличению освещенности под деревьями, дроблению массива тропами и уменьшению мощности подстилки, что влечет изменения в растительном покрове и здоровье деревьев; воздействие туристской деятельности на луговые районы приводит к сокращению растительного покрова и уплотнению почвы, что способствует эрозии; долгосрочная туристская деятельность может приводить к выборке сухостоев, разреживанию растительности и формированию «просветленных» лесов, что останавливает или замедляет естественное обновление растительности.

Список литературы:

1. *Плохих Р.В., Баумтрог В.В.* Ландшафтно-экологическая оценка устойчивости Северо-Казахстанской природно-хозяйственной системы // IV Жандаевские чтения: проблемы экологической геоморфологии: матер. междунар. науч.-практ. конф., 17-19 апреля 2007 г. – Алматы, 2007. – С. 164-170.
2. *Будникова Т.И., Плохих Р.В.* Ландшафтно-экологические исследования в Щучинско-Боровской курортной зоне // Современное состояние лесного хозяйства и озеленения в Республике Казахстан: проблемы, пути их решения и перспективы: матер. междунар. науч.-практ. конф., 23-24 августа 2007 г. – Щучинск, 2007. – С. 124-127.
3. *Шимова О.С.* Устойчивый туризм. – Минск: РИПО, 2014. – 158 с.

МРНТИ 71.37.13

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ ТУРА АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

^{1*}А.Н. Муратова, ²С.Р. Нуртилеуова

¹ М.Әуезов атындағы ОҚУ-і, 6B05220-География БББ студенті, Шымкент қаласы, Қазақстан, akniet.muratova05@mail.ru

² М.Әуезов атындағы ОҚУ-і, аға оқытушы, Шымкент қаласы, Қазақстан, nur.saule_74@mail.ru

Аннотация. *Мақалада аңызға толы, табиғат пен сұлулыққа бай Түркістан облысында орналасқан кесенелер мен киелі өңірлерге саяхат турын ұйымдастыру жобасы баяндалады. Бүкіл түркі әлемінің бойтұмары іспеттес болған Түркістан облысының киелі де, қасиетті жерлеріне тур бағыты сипатталады. Түркістан қаласының тарихи-мәдени туризмінің дамуына, Оңтүстік Қазақстанның рухани киелі қасиетті жерлерін әлемге танытуға мол назар аударып, көне жәдігерлер мен жауһарларымызды бойына түйген шежірелі ескерткіштерімізді дәріптейміз.*

Түйін сөздер: туризм, саяхат, көне қала, тарих, киелі жерлер

Кіріспе. Саяхат – әлемді тану, әлемді тану арқылы өзіңді тану. «Егер саяхаттамасаң, білемін деп айтпа» деген халық аузында сөз бар. Сол сөзбен толықтай келісемін. Қанша жерден білімді, көп кітаптың шетін кемірген оқымысты адам болсаң да, егер саяхаттамасаң біраз нәрседен құр қаласың. Өмірдің сан қырымен, қиындықтарымен бетпе-бет кездеспеген адамның өз білімін ұштауы қиын болады. Саяхат күнделікті тіршіліктің артында жасырылған дүниелерді ашуға, санаңызды серпілтіп, таным көкжиегін кеңейтуге және арманыңызды жүзеге асыруға көмектеседі. Сондықтан, саяхат адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы керек. Өйткені, саяхаттаған адам әр сапарда жаңа таныстар, жаңа достар, серіктестер тауып, бұрын білмеген, көрмеген дүниелермен танысады. Соның арқасында адамдар өсіп, жеке дамудың жаңа деңгейіне қол жеткізеді. Сапарымызда өз еліміздің таңғажайып орындармен танысуды құп санаймыз. Ең алғаш саяхатымызды 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған, шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан қаласынан бастамақпыз.

Түркістан қаласы – Түркістан облысында орналасқан. Шығысында тарихи қала Отырар, батысы Жаңақорған ауданымен (Қызылорда) солтүстігінде Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер. Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлке де ертеден қала соғылды, мәдени ошақтар салынды. Ғажайыбы сырға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейіттер массиві тарихи кезеңдердің куәсі болды. Мыңжылдық өркениет тоғысы бар шежірелі қалалар талай соғысты бастан өткізді. Қазақ хандығының, Қыпшақ ұлысының, Түрік қағанатының астанасы болған қалалар да жетерлік. Ондай қалалардағы ескерткіштер, мәдени орындар, ескі ғимараттар шежірелі тарих болып қалмақ. Қанша жылдық тарихы бар, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан – шам шырағы қайта жанған көне шаһар. Тарихқа көз тастар болсақ, мұнда сан мәрте ұлтымыздың тағдыры талқыланып, түрлі шешім қабылданған өлке болған. Осы сөздер арқылы Түркістан шаһарымыздың қандай көне, киелі, қасиетті мекен екенін байқай аламыз. Тіпті елбасымыз өз сөзінде «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», — деп айта өткен.

Бастапқы деректер және зерттеу әдістері. Шежіре мен аңызға толы, табиғат пен сұлулыққа бай өрелі оңтүстік өлкесі ежелден-ақ еліміздің қара шаңырағына айналған өңір. Сол қара шаңырақта ауыз толтыра айтарлықтай тарих тағылымынан хабар беретін, көне жәдігерлер мен жауһарларымызды бойына түйген шежірелі ескерткіштер көп. Соның ішінде тарихқа аты алтын әріппен жазылған қасиетті Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи, Домалақ ана кесенелері және т.б. киелі орындарды атап айтсақ болады. Жалпы біздің оңтүстік өңірге келген туристер түркі әлемінің астанасы болған қасиетті Түркістанымызға ат басын бұрмай өтпейді. Сол себепті біз Қазақстанның рухани киелі қасиетті жерлерін әлемге таныту мақсатында турымызды тарихи өлкелерден бастауды жөн санадық. Түркі шаһарымызда өзіндік орнын ойып алатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің бойтұмары іспеттес болса, халқымыз үшін игі жақсылардың мәңгілік сапарға аттанған мекені болып табылады. Кесене – туристер үшін тарихи-мәдени архитектуралық ескерткіш, мұсылман қауымы үшін зиярат орыны, халық үшін рухани азық, еліміз үшін ұлттық мәдени қазына, рухани дәстүрдің негізі, ұлттық құндылығымыз.

Түркістан қаласының тарихи-мәдени туризмінің дамуына үкімет мейлінше мол назар аудара бастады. Бұл дегеніміз – туризм арқылы тек табыс алып келу ғана емес, Түркістандай киелі жерді әлемге танытып, паш ету. Ендеше, тарихы тереңде жатқан Түркістан шаһары – Қазақстандағы тарихи туризмнің басты жобасы


1 Кесте – Түркістанның туристік мүмкіншіліктері бойынша құрамдық SWOT сараптама

<p style="text-align: center;">Басым жақтары</p> <p>Түркістанның туристік аймағында 96 тарихи- археологиялық, архитектуралық ескерткіштер сақталған. Олардың 23-і әлемдік маңызы бар ескерткіштер болып саналады. Мұндағы тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік маңыздылығы Грекияның, Италияның, Үндістанның, Қытай мен Мысырдың және Иерусалимнің туристік кешендерінен кем емес. Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға енуінің артуына қарай Түркістанның тарихи және табиғи құндылықтарына туристік қызығушылықтар артуда.</p>	<p style="text-align: center;">Әлсіз жақтары</p> <p>Түркістан аймағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің басым бөлігі реставрация, реконструкция және регенерация сияқты шұғыл жөндеуді қажет етеді. Жеткілікті дамымаған туризм индустриясы қажетті сервисті көрсете алмайды. Туризм ресурстарының сапасы әлемдік туристік орталықтардағы адам ресурстарының даму деңгейіне жетпеген.</p>
<p style="text-align: center;">Мүмкіншіліктер</p> <p>Түркістан қаласының төңірегіндегі киелі жерлер мен табиғи ресурстардың болуы туризмнің даму келешегіне жағдай туғызады. Туризмді дамытуға мүмкіндік туғызатын негізгі жағдайлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> * Қала аймағындағы жер ресурстары қала аумағының өсуіне қолайлы; * Демалыс аймақтарын ұйымдастыруға қолайлы жер телімдері (Сырдария, Қарашық өзендерінің аңғарлары мен Арыс-Түркістан каналдарының және Қошқұрған, Шаға су қоймаларының болуы) . 	<p style="text-align: center;">Қауіп-қатер</p> <p>Қазіргі қауіп туғызатын негізгі жағдайлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> *Тарихи-мәдени ескерткіштердің бузылуы; * Қажетті инженерлік-коммуникациялық және сервистік нысандардың болмауы; * Туризмді қанағаттандыра алмайтын экономикалық құрылымның сақталуы; * Жергілікті тұрғындардың әлемдік туристік орталықтардағы адам ресурстарының даму деңгейіне сәйкес келмеуі.

Нәтижелері. Түркістандай көне шаһарымызды дәріптеу мақсатында біз жеке турымызды ұсынғалы отырмыз. Тур ULT Travel деп аталады. Бұл атаудың өзіндік себебі де бар, яғни ата-бабамыздың кіндік қаны тамған ұланғайыр Ұлы даламыздың тарихын сақтап қалу мақсатында таңдалған атау. «Ұлтыңды танығың келсе, жеріңді таны» демекші әр ұлт өзінің елді мекенін жетік меңгерумен өз елінің атын шығара алады. Осы орайда тылсымы тұнған мекеніміздің ортағасырлық тарихын танып білуге, XIV ғасырдағы сәулет өнерінің теңдессіз туындысын, шаһардағы кереметтей нысандардың ғажайыбын көруге ULT Travel атты туристік жобамызға шақырамыз. ULT Travel туристік орталығының тур құны 14 990 тг құрайды және осы бағаға не кіреді:

- Барып келу жолы (транспорт)
- Қызықты ойындар
- Локацияларға кіру билеттері
- Түскі ас
- Фотосессия, дронмен видеолар
- Гид қызметі
- Керемет асмосфера

Біздің маршруттық жобамызға тоқтала кетсек, Шымкент қаласындағы жиналу орны Абай саябағы, Арыстанбаб кесенесі, Гауһар ана кесенесі, Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Керуен Сарай бағыты.



Сурет 1. Алғашқы турға жасалған жарнама



Сурет 2. Түркістан қаласына жасалынған алғашқы тур

Қорытынды. Түркістан облысы аумағында қасиетті орындар жетерлік және рухани-мәдени байлығы келген әр адамның баруына тұрарлық тарихи орындар көптеп кездеседі. Ал ең басты назарда ұстайтын жәйт – саяхаттаудан сіз өмірлік сабақ аласыз, көзқарас қалыптастырасыз, жаңа әлем көресіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асан Д.С., Абишева А.О. Туризм менеджменті: оқу құралы / – Түркістан: "Тұран" баспасы, 2009.
2. Түркістанның қилы тағдыры, Алматы, 1992ж.4-49 б.
3. Егемен Қазақстан//Түркістанның аты жайында, 3 шілде, 1996ж. 5 б.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АҚМЕШІТ НЫСАНЫН ЭКОТУРИЗМ БАҒЫТЫНДА ДАМУ ЖОБАСЫ

¹А.Майлыбай, ²Е.У. Амербеков

¹М.Әуезов атындағы ОҚУ-і, 6В05220 – География БББ студенті, Шымкент қаласы, Қазақстан,
87750787224@mail.ru

²М.Әуезов атындағы ОҚУ-і, аға оқытушы, Шымкент қаласы, Қазақстан
ergali.amerbekov@aeuzov.edu.kz

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының туризм жағдайына баға бере отырып өз үлесімізді қосу мәселелері қарастырылады. Қазіргі таңда туризм саласына аса қатты мән беріп, әртүрлі жобалар ұйымдастырып жатыр. Туризмдік орталықтардың аса маңыздыларының бірі киелі мекен - Түркістан облысы. Түркістан облысы өзінің киелі, әсем жерлері мен танылған. Облыста туристік кешенді дамытатын орындарың бірі- Ақмешіт үңгірі .

Ешкім біле бермейтін, тарихи тылсым сырларымен көзге түсетін Азиядағы ең үлкен үңгірлердің бірі. Бірақ Ақмешіт әулие үңгірінің қазіргі туризм саласындағы деңгейі жоғары дамымаған. Ғылыми жобаны қолға алуымыздың бірден-бір себебі де осы. Біз бұл ғылыми жобада Қазақстан Республикасының туризм саласына назар аудара отырып оны дамыту және «Ақмешіт» үңгіріне назар аударып, туризм көзіне айналдыру. Ғылыми мақаламыздың негізгі мақсаты Қазақстан экономикасына, әсіресе туризм саласына өз ықпалымызды тигізу. Мақаланың мақсаты сәтті нәтижеге қол жеткізсе, Түркістан облысында тағы да ерекше туристік нысан пайда болады.

Түйін сөздер : Ақмешіт, туризм, үңгір, қасиетті, экскурсия

Кіріспе. Ақмешіт әулие жері – Түркістан облысының Бәйдібек ауданы бойында орналасқан, қасиетті мекен. Үңгір - әктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ болып келеді. Сипатына келер болсақ, ұзындығы 254м, ені 65 м, биіктігі 25 м. Үңгірдің жоғары бөлігінен, яғни, жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Төмен түсіп қарағанда жоғары бөлігі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Халық арасында бұл үңгір жайында аңыз әңгімелер өте көп. Бір кездері бұл үңгірде бір әулие кісі әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген де аңыз айтылады. Ақмешіт үңгірі әулие жер деп халық арасында танылған. Тіпті бұл жерге перзент көрмеген кейбір ерлі-зайыптылар және де сырқат адамдар әлі күнге дейін түнеп, мінәжат етеді [1].

Жалпы бұл жобаны алмас бұрын мен бұл үңгірге барып, өз көзіммен көріп келдім. Үңгірдің ауасы өте таза. Ең әуелі баспалдақтан төмен түскен кезде адам денесі ылғалдылықты сезеді. Бұл мүлде бөлек сезім. Үңгірдің іші өте кең және биік. Мұнда адамдар әртүрлі мақсатта келеді. Бірі емделу яғни зиярат ету мақсатында енді біреулер демалыс үшін келеді.

Бастапқы деректер және зерттеу әдістері. Ақмешіттің ғажап атмосферасы көптеген қайталанбас эмоцияларды сезінуге мүмкіндік береді. Қасиетті үңгір өзіндік климатпен ерекшеленеді. Қысқы уақыттарда үңгір іші сыртқа қарағанда жылы, ал көктемгі уақытта, керісінше салқын болады, бұл - үңгірдің бірегейлігін көрсетеді. Бірақ үңгір маңында ағаштарды кездестіру қиынға түседі, немесе оның ішінде кез келген туристі таң қалдыратын шағын әлем, бірегей экожүйе қалыптасқан. Бұл үңгірдің қай ғасырда және қандай жағдайда пайда болғандығы туралы нақты деректер жоқ, дегенмен оны 1973 жылы Мәскеу геологтары, одан ертерек тарихшылар зерттеген. Алғашқылары Ақмешіттің пайда болуына метеориттің құлауы себеп болған деп болжайды. Екіншілер, әктас қабаттарынан пайда болған үңгір тастары энеолиттік кезеңге, яғни мыс-тас дәуіріне жатады дейді. Қалай болғанда да, бүгінгі Ақмешіт Орта Азиядағы ең ірі үңгірлердің бірі.



Сурет 1. Үңгірдің ішкі көрінісі



Сурет 2. Үңгірдің сыртқы көрінісі

Мамандардың мәлімдеуінше, мұнда адам ағзасына ем: қуатты, толқынды ауа ағымдары шоғырланған. АҚШ-тың ғарышты зерттеу орталығының («НАСА») мәліметінше, күмбез шаңырақты ғимараттарда шоғырланған ғарыштық энергия ауаның құрамындағы ионды бөлшектерді өзгертіп, ауадағы келеңсіз бактерияларды жойып, тазартады екен. Ғылыми түрде сараптама жүргізілген. Ондай ғимаратта болған адам жеңілдеп, биологиялық ағзасы тазаратын көрінеді. Алайда Ақмешіт үңгірі туризм саласына нәтижесін көрсететіндей жағдай жасалынбаған. Дәл қазіргі жағдайына менің өз көзіммен көрген дүниелерге тоқталар болсақ, ең алдымен автотұрақ жоқтығы көзіме түсті. Ақмешітке дейінгі жолды, автотұрақтарды және алғашқы жәрдем беру орталықтарын жаңа талапқа сай ұйымдастыру қажет. Бұл үңгір жер астында болғандықтан төменге түсу басқышын жаңалау керек [2].

Саяхат барысында бізге мешітті табуға қиынға соқты. Себебі бағыт көрсететін белгілер болмады. Қауіпсіздік ережелері көрсетілмеген. Арнайы белгілер жоқ. Және де арнайы намазхана болмағандықтан, намаз оқитын орын болуы дұрыс болар еді. Таңқалдыратын жағдай осындай әсем жерде тіпті қоқыс салатын орындар және әжетхана жағдайы қарастырылмаған. Қызмет көрсету саласы өте төмен, тіпті шырақшы іздеп келген адамдар күтіп қалады. Алыстан келген туристерге жағдай жасалмаған тіпті ас ішетін орындар мүлде жоқ .

«Ақмешіт-2030» бағдарлама жоспарының ұйымдастырылуы-экотуризм даму бағытындағы «Ақмешіт» нысанына жоспар құрар болсақ, әрине ол тез арада дайын болуы немесе нәтижесін сол уақытта көрсетпеуі мүмкін. Алайда жоспарды дұрыс жасау арқылы алғашқы қадамын жасаймыз. Жоспарымыз «АҚМЕШІТ -2030» экотуризм бағытында дамыту.

Бұл жоспарды құру мақсатымыз Қазақстанның экономикасына үлесімізді қоса отырып экологияны қорғау. Яғни туризм орталығын ашу арқылы табиғатымызды қорғау. Негізгі біздің қарастыратын мәселелеріміз «Ақмешіт үңгірі» нысанының қызмет көрсету деңгейін жаңа талапқа сай жасау.

Жобада қарастырылатын мәселелер :

- Қызмет көрсету саласы;
- Демалыс орындарын салу;
- Шалғай жатқан ауыл, аудандарға әсері;
- Қауіпсіздік ережелерін реттеу.

Ең әуелі қызмет көрсету саласы мүлде дамымаған. Қызмет көрсету саласын дамыту мақсатында жаңа құрылыс орындарын салуымыз қажет.



Сурет 3. Үңгір алды



Сурет 4. Үңгірге бағыт тақтайшасы

Үңгірге келу үшін екі түрлі жолмен келуге болады. Сондықтан жаңа үлгіде үлкен автотұрақ салу қажет. Көлік тұрағын ұйымдастыруда көлемі кемінде 20 х30 м болуы қажет. 4 –суретте көрсетілген әрине жақсы бірақ та бұл жеткіліксіз. Себебі бұл жерлерге туристік мақсатта көбінесе адамдар келеді. Сондықтан арнайы нысан белгілері жасату қажет. Яғни бағыт көрсететін бағдарларды жоғары технологиямен қамтамасыз ету қажет .

Ендігі кезек туристер дем алатын орындар орналастыру. Жақын маңда ешқандай демалыс орны жоқ. Мысалы Шымкент қаласынан 80 шақырым жерде Түркістан қаласынан 90 шақырым жерде орналасқан, аралығы 1,5 жарым сағат уақытты алады. Сондықтан туристер демалатын, арнайы этно стилде салынған демалыс орындары болу керек. Демалыс орындарын арнайы киіз үй стилінде жасаймыз [3].



Сурет 5. Ұсынылатын киіз үй нұсқасы

Осындай 5- суреттегідей қазақы стилді қолданамыз. Бұл халықтың назарын бірден аударатыны анық. Бұл қазақы үйлерді төменнен жоғары бөлігіне қаратып орналастырамыз. Бағаларын қолжетімді тиімді бағада болады. Бұл жерге арнайы гиддер қызмет жасайды. Осы жерде сұрақ туындайды, яғни біз жұмысқа адамдарды қайдан аламыз деген. Шалғай жатқан ауыл адамдары бұл жерге келіп ұлттық тамақтарлы сата алады және жұмыс көзі ретінде қарастыра алады. Арнайы бірінші тексерілістен өткізіп қабылдайтын боламыз. Ұлттық тамақтардан: бесбармақ, ірімшік, күрт, айран, қазы сияқты түрлерін ұсынамыз [4].

Нәтижелері. Зерттеу нәтижесінде жеке жобамды ұсынғалы тұрмын. Яғни тур агенттігінің атауы «As_Tau». «As_Tau» тур агенттігі бұл менің ашып жатқан тур агенттігім. Бұл агенттіктің мақсаты негізінен түрлі елді мекендерге экскурсия жасау. Әсем табиғатымызбен халықты таныстыру. Мысалы айтар болсақ ең алғашқы жұмысымды осы «Ақмешіт үңгірінен» бастап жатырмын. Бұл үңгірге экскурсия жасау жоспары Шымкент қаласынан бастау алады .

Саяхаттың жалпы құны 7990 тг құрайды. Шымкент қаласынан толық мекен-жайы: Темірлан тас жолы, «Бекжан» аялдамасы

- Жолға шығу уақыты таңғы сағат 8:00.
- Сағат 9:30 да Ақмешіт үңгіріне жетеміз. Мешіт жанында ас ішіп, мінәжат етіп, ақпарат алып ары қарай жолға аттанатын боламыз .

- Келесі нысан домалақ ана кесенесі;
- Арыстан баб кесенесі;
- Қожа Ахмет Иассауи кесенесі;
- Түркістан қаласы, Керуен сарай;
- Шымкент қаласына қайту уақыты кешкі сағат 21:00 де.

Тур бағасына не кіреді:

- Барып келу жолы;
- Екі мезгіл тамақ;
- Қызықты шоу программа.

Өзімізбен алып шығу қажет заттар:

- Кешкі мезгілге Түркістанда өте қатты жел болады, сондықтада сырт киім алып шығу;
- Қосалқы ақша алып шығу;
- Ыңғайлы спорттық үлгідегі киім.

Қорытындылар. Қорытындылай келген кезде жобамыздың мақсаты «Ақмешіт үңгірі» нысанын туристік орталыққа айналдыру. Ол үшін жоғарыда айтылған барлық іс-шараларыды қазіргі жаңа технологиялық құрылғылармен қамтамасыз ету. Жобамыз тек Түркістан облысының экономикасына әсер ете қоймай сонымен қатар Республикамыздың ЖІӨ-не де әсері мол. Еліміздің туризмдік дәрежесін халықаралық деңгейге жеткізуіміз қажет.

Жобаның нақты іске асыру үшін, облыс және республика тарапынан қаржыландыру мәселелерін қарастыруымыз қажет. Осы жобаны ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастырып жоғары деңгейге жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ энциклопедиясы, ҚР табиғаты
2. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
4. Ақмешіт әулие үңгірі. Электрондық ресурс.
URL: <https://sputniknews.kz/regions/20181031/7855722/turkistan-aqmeshit-yngiri.html>

МРНТИ 71.37.13

ЭКОЛОГИЯ ЗАМАНАУИ СУРЕТШІНІҢ КӨЗІМЕН

¹Ауелбекова Г., ²Туленова А., ³Г.Е. Жантеева

^{1,2,3}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Қазақстан, Алматы қаласы, raikaend@gmail.com

Түйіндеме: Мақалада жас суретшілердің қазіргі әлемде болып жатқан экологиялық мәселерге өз үлестерін қосқысы келетіндігін өзінің туындысы арқылы көрсеткісі келетіндігі жазылған. Экологиялық мәдениет неғұрлым жас кезден бастап сана сезімге құйылса, соғұрлым қоршаған ортаға деген көзқарас жаңаша қалыптасар еді. Қазіргі жастарымыздың ой санасын бейнелеу өнерімен ұштастырып қоршаған ортаның олқылықтарын қағаз бетіне түсіру арқылы өзгертуге болатындығын айтады.

Кілт сөздер: экологиялық мәдениет, заманауи суретші, жасыл экология, жасыл экономика.

Қазақстанда қазір экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері аса өзекті болып отыр. Осыған орай ел ауқымында қабылданып жатқан шаралар да аз емес. Атап айтқанда, қоршаған ортаға залалын тигізіп жатқан кейбір өндіріс орындарына қомақты айыппұлдар салынып, елдегі экологиялық мәселелерге немқұрайлық танытқандар жазаланып жатыр. Бұл мәселені БАҚ беттерінде барынша көтеріп, ел назарын оған аударудың маңызы зор. Шын мәнінде, туған еліміздің экологиялық ақуалы қандай екенін көпшілік біле бермейді. Себебі, экологиялық ақпаратты игеру үшін экологиялық білім керек.

21 ғасырда темекі фабрикасы мен әр жерде шашылып жатқан қоқыс қазір ешкімді таң қалдырмайды. Біз жағымсыз иіске және ағын суды кез келген жағдайда ішуге болмайтынына үйреніп қалдық. Дәмі де, тағамдық құндылығы да жоқ жылыжайда өсірілген жемістер мен көкөністерді жейміз.

Адам табиғат ресурстарын сарқып, ормандарды кесіп, атмосфераны ластайды. Осының салдарынан озон қабаты бұзылып, климат өзгеруде. Адам жануарларды өлтіреді, көптеген түрлер қайтарымыз жоғалады. Табиғи экожүйелердің жойылуының қазіргі өсу қарқынымен 2030 жылға қарай олар мүлдем қалмайды. Өсіп келе жатқан тұтыну қоғамы табиғаттағы апатты өзгерістерге әкеледі, олар адамзатта көрініс табады.

Кедейлік пен аштықтың кең таралуынан, нәресте өлімінің өте жоғары болуынан, тазалықтың болмауынан ешкім қорықпаса соңы немен аяқталатынын елестету қиын. Дүние жүзіндегі елді мекендердің 2/3 бөлігінде аллергияның өсуі, ВИЧ пен СПИД індетінің өршуін көре тұра, сіз қоршаған ортаға немқұрайлы қарамай, сол рухта жалғастыра алмайсыз. Планета адамдар сияқты тыныс алуы керек, сондықтан оның қажеттіліктерін тыңдайтын уақыт келді.

Экологиялық жауапкершілікті бала кезінен дамыту керек деп ойлаймыз. Адам аяғынан тұра салысымен гүлді теру арқылы гүлді жоятынын, көшеге қоқыс тастау арқылы қоршаған ортаны ластап тастайтынын білуі керек. Мұны ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінен балалар естуі керек. Бұл жай ғана айтылған сөз емес, қажеттілік. Біз табиғаттан ала аламыз, бірақ қажетінше, табиғи тепе-теңдікті толықтыра отырып, көмектесеміз. Балалар ойын түрін және шығармашылықты түсінеді және жақсы көреді. Әрине, жалықтыратын дәрістер мен жазбалар балаларға жиіркеніш тудыруы мүмкін. Бірақ әр түрлі сурет, колөнер байқаулары, ән байқаулары, викториналар, экологиялық саяхаттар мүлдем басқа мәселе. Олар бес жасар нәрестені де, жасөспірімді де қызықтырады.

Соның бірі – балалар сурет байқауында көңілді және уақытты жаңа идеяларға толы сезіммен өткізуге себебші болады. Жастар ішкі құлшыныспен рахаттанып ғаламдық деңгейдегі сурет салумен қатар, әдемі пейзаждар және адам мен табиғаттың үйлесімділігін көре алады. Байқауларды мейлінше көп мектепте және де жоғары оқу орындарында өткізуге болады. Ең бастысы, оқушылар өз ойлары мен сезімдерін қағаз бетіне түсіру арқылы жеткізе алады. Балалардың көзімен экология дегеніміз не? Олардың табиғатқа деген көзқарасы және онымен қарым-қатынасы көптеген түрлі-түсті шығармашылық жұмыстарда берілген.

Экологиялық білім 21 ғасырда жаңа тұлғаны тәрбиелеудің негізі болуы керек. Тек осылай ғана біз салауатты азаматтық қоғам құра аламыз. Өйткені, бала табиғатты өз үйінде қабылдаса, оны қорғап, есейген соң әртүрлі қақтығыстар мен қантөгістерге жол бермейді.

Еліміздегі экологиялық жағдайдың нашарлауы және табиғат ресурстарының сарқылуының бір себебі - қоғамның экологиялық мәдениет деңгейінің төмендігі болып табылады. "Жер бетінде тіршілікті сақтау, адамның және табиғаттың прогрессивті дамуы жаңа экологиялық мәдениеттің қалыптасуынсыз мүмкін емес" деген тұжырыммен келісетін қоғам мен табиғат арасындағы мәселелерді зерттейтін ғалымдар мен мамандар саны күннен күнге артып келеді. Жастар мен балаларды экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу халықтың барлығында экологиялық жауапкершілікті көзқарастың қалыптасуына тікелей байланысты. Қоршаған ортаның жағдайының мәселесі бүкіл әлемде қоғамның үлкен назарының ортасында. Қазақстан Республикасында табиғатты қорғаумен айналысатын мемлекеттік, ғылыми, қоғамдық-саяси ұйымдар ауа, топырақ, су және басқа да тіршілік ортасына түсетін ауыртпалықтарды төмендетуге жыл сайын іс-шаралар жасайды.

Сонда да қоршаған ортаның жағдайы мәз емес: зиянды заттар әсері шектік деңгейден асып кетуі, қоқыстану проблемалары, ормандардың азаюы, топырақтың, ауаның, судың ластануы, сонымен қатар энергетикалық ресурстардың сарқылуы секілді және тағы басқа да мәселелер байқалуда.

Экологиялық тұрақсыздықтың ең басты детерминанты - адам және оның күнделікті жасайтын іс-әрекеті, ол тек экофильді жаққа өзгермей қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы сынның объектісі де болмайды, экологиялық мәселе шетте қалады. Осы проблемаларды шешу - өсіп келе жатқан жастардың алдында тұрған басты міндет.

Мұнда маңызды нәрсе - қойылған міндеттегі барлық өзектілікті және маңыздылықты жеке адам болып емес, бүкіл әлем болып түсіну, сондай-ақ экологиялық міндеттерді ортақ шешім қажеттілігі деп түсіну қажет. Міндетті түрде алға қозғалу үшін қазіргі таңға сай жаңа - экологиялық ойлау және мәдениет қажет. Қазіргі таңда дамыған әлемдік қоғамды экономикалық құрылыс энергетика мен экологияның қарым-қатынасы қарама-қарсы күресуде. Энергоөндірушілерге максималды түрде экономикалық жағы тиімді, ал экологиялық жағы артта қалып қояды. Бірақ та мемлекет, қоғам энергетиктер жұмыстарының антиэкологиялық жағдайына шектеу қойып, табиғатты қорғауды талап етуде. Қазіргі таңда бұл мәселе әлемдегі алдыңғы міндеттердің бірі және ол 30-50 жылдың ішінде шешілуі қажет. Олар - қазіргі таңдағы іс-әрекеттерді энергоресурстарды үнемдеудегі көзқарастардың дамуы және сәйкесінше ойлау жүйесінің қалыптасуы және оны экологиялық мәдениетімізге енгізу.

Ең алдымен, жастардың экологиялық мәдениетін дұрыс қалыптасуына ықпал жасау керек. Жастардың экологиялық қозғалысының дамуы үшін: бағыт көрсету және мүмкіндік беру қажет. Ол мүмкіндікті экологиялық білім мен тәрбиеге баулу арқылы беру керек. Сонда ғана біз "Мәңгілік Ел" бола аламыз. Осы жағдайды шешетін басты жолдардың бірі - экологиялық білім беру мен тәрбие. Бүгінгі таңда қарапайым тұрмыстық және өндірістік экологиялық мәдениеттің және халықтың, әсіресе, жас ұрпақтың әлемге деген дұрыс көзқарасы қалыптасуы үшін жұмыс жасаудың сәті түсіп тұр!

Неліктен экологиялық мәселе қазір өте өткір? Неліктен адамдар табиғаттың ішкі әлеміне дөрекі түрде араласады? Өздерін оның толыққанды қожасы, жаратылыс заңдарының білгірлері санайтындықтан болар. Батпақтарды құрғату, құнарлы жерлерді жасанды теңіздермен толтыру, атом электр стансаларын салудың «үлкен» жобалары жан-жақты жүзеге асырылуда. Мұндай «ғасыр жобалары» табиғатқа емес, адамдарға пайдалы болуы керек еді. Оны дұрыс пайдаланбаудың салдарын енді ғана сезіндік.

Табиғатпен бірлікте өмір сүріп, оның байлығын қорғап, көбейтуіміз керек. Әдемі көріністер қашанда адам көзін қуантатындай, өз Отанының әрбір нағыз патриоты өз жерінің қамын ойлауы, оның амандығын ойлауы керек.

Заманауи суретшілер ғалымдармен, инженерлермен, биологтармен және сәулетшілермен ортақ жобалар жасайды.

Заманауи суретшілер өздерінің алдындағылардың жобаларынан шабыттандырады. Жерді кенеп ретінде пайдаланатын өнер туындылары 70-80-жылдары танымал болды, суретшілер өз жұмыстарын қалалық пейзажға біріктіре бастады, бұл қалалық жетістіктер Табиғат-Ананың бар болуымен байланысты екенін меңзейді. 1978 жылы Алан Сонфист Нью-Йорктің орталығында Манхэттен аралының эндемиктерінің орманының фрагментін отырғызды, 1982 жылы Агнес Денес жақын жерде бидай алқабын отырғызды. Қоршаған ортаны қорғаушы суретшілер осылайша қала тұрғындарына өздерінің тіршілік ету ортасының бұрынғы табиғи келбетін көрсетті.

Кейде белгілі бір мәселеге назар аудару үшін авторлар әдеттегіден түбегейлі қайшы келетін жұртшылықты алаңдататын нәрсені көрсетуді шешеді. Сонымен қатар, заманауи өнер көрерменді әлемде болып жатқан оқиғаларға жауапкершілікпен қарауға шақырады. Экологиялық белсенділердің бірі Олафур Элиассон климаттың өзгеруі және өмірдің өтпелілігі мәселелеріне қызығушылық танытады. «Уақытыңызды босқа кетіруіңіз» фильмінде ол Исландиядағы ең үлкен мұздықтың бөліктерін көрсетеді.

Мұндай пікірталас біздің студенттерді бірнеше рет дөңгелек үстел басына жинайды деп сенеміз. Мұндай кездесулер өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениеті мен қоршаған әлемге деген құрмет деңгейін көтеруге ықпал етеді. Бүгінгі таңда біз табиғатпен үйлесімді өмір сүруді үйренуіміз керек екенін түсіне бастадық.

Табиғат – барлық тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, алтын ұя- бесігі, бар байлықтың ырыс, қазынасы. Ал, адам үшін табиғат ең қасиетті де, қастерлі ұғым! Өйткені адамның өзін дүниеге алып келген аяулы да ардақты Анасы, сондықтан да адамның табиғатты «Ана» деп құрметтеуінде де өте терең танымдық та, тағылымдық және тәрбиелік мәні зор ұғым жатыр. Бұрынғы ата-бабаларымыз Жер-Ананың, киелі судың қасиеттерін ерекше бағалай білген. Халқымыздың сан ғасырлық өмірден түйген, көкірек көзінің сүзгісінен өткен даналық нақыл сөздерінің әрі дүниетанымдық, әрі тәрбиелік мәні зор. «Ханның қасында болғанша, бұлақтың басында бол» - деген өсиет нақылда мағынасы мазмұнды ұғым жатыр емес пе?!

Толеранттылық ұғымының түсінігі – еркіндік қадірі, ой ашықтығы, тәртіп, саяси және діни көзқарас, немесе адамның ашық және гуманистік көзқарасы – Қазақстан суретшілерінің көзқарасында айқын көрінеді. Қазақ жерін мекен еткен әртүрлі ұлт өкілдерінің туындыларынан бейнелеу өнерінің дәстүрлі үрдіспен байланысқан жаңа бағыты байқалады. Атап айтқанда, Н.Г.Хлудов, А.Черкасский, П.Зальцман, В.Эйферт, В.Стерлигов, В.И.Антощенко-Оленев, Р.Великанова, Б.Урманче, К.Я.Баранов сынды қазақ жерінде өмір сүрген әр түрлі ұлт өкілдерінің шығармаларынан қазақтың шетсіз-шексіз даласына деген сүйіспеншілік пен махаббат сезіледі.

Біз Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының колледж студенттері қазіргі ғаламшарымызда болып жатқан экологиялық мәселелерге бей-жай қарай алмаймыз. Өзіміздің санамыздағы қайғы қасіретті қалам арқылы жеткізіміз келеді. Көрме идеясы – қазіргі қоршаған ортаға деген көзқарастар жас суретшілердің көзімен нені меңзейтіндігін көрсету болды. Біз жастар барынша қазіргі экологиямыз бізді қатты ойландыратынын көрсеткіміз келді. Әрине оны өз қалауымызша жан - жақты көрсеттік. Оны түсінген адамға алғысымыз шексіз.

Әлем қарыштап дамыған сайын, «жасыл экономика» және «жасыл экология» тәрізді таза экология бастаулары көптеп жүзеге асырылуда. Еліміз де бұл үрдістен тысқары қалып жатқан жоқ. Біз кез келген антропогендік әрекет планетаның климаты мен геологиясында сөзсіз өзгерістерге әкелетін антропоген дәуірінде өмір сүреміз. Қазір табиғатты экономикадан бөліп қарау мүмкін емес, суретшілер дүниенің қандай болуы керек екенін көрсете отырып, осы проблеманы ойлауға шақырады. Эко-өнер қоршаған ортаны қорғау материалдарын пайдалануды талап етеді: қоқыс пен қоқыс мүсіндер мен картиналар үшін материалға айналады, сыртқы қондырғылар рельефтік нысандарды пайдаланады. Мұндай жұмыстардың астарында табиғи ресурстарды сақтау тұжырымдамасы жатыр. Нағыз азаматтық қоғам бір-бірінің алдындағы жауапкершілікті сезінетін, өмірге саналы көзқарасы мен табиғатқа ұқыпты көзқарасы бар адамдардан тұрады. Егер үлкендерге шынымен де экологиялық білім беру бағдарламасын жүргізу қажет болса, балалар әуел бастан табиғатпен байланысты. Олар ағаштарға өрмелеп, егістік алқаптарды аралап жүгіреді, жануарлармен ойнайды, теңіз толқындары мен көлдің су бетіне таң қалдырады, ауыздарынан қар түйіршіктерін ұстайды және шалшықтарды көңілді шашады. Ешкімге ұқсамайтын балалар табиғаттың шынайы құндылығын түсінеді. Рухани дертке шалдыққан мына заманда табиғат пен экологияны зерделеуді қажет ететін балаларға назар аударған жөн деп есептейміз.

Суреттегі ең маңыздысы, біздің ойымша, нәсіліне, жынысына, дініне және жеке мүдделеріне қарамастан, біздің мемлекеттегі адамдардың достығы мен өзара көмегі. Тек сенімді және түсінікті мемлекет қана бізге жаңа Қазақстанды қамтамасыз ете алады деп ойлаймыз. Біздің суреттеріміз сізді шабыттандырып қана қоймай, болашақтың экологиясын жаңа перспективадан бастап таныстыруға көмектеседі. Біз жастар – қазақ халқының болашағымыз және біздің идеяларымыз бен шығармашылығымыз бәріміз үшін жақсы ел құруға көмектеседі деп сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Эко-арт: как художники с помощью искусства помогают заботиться об окружающей среде?// Горбунова Мария Дата публикации: 08.12.2023. [Галерея современного искусства SMART](#)
2. Арне Нейс статья «Поверхностное и глубокое, долгосрочное экологические движения» // URL: <https://ecosophy-livejournal-com.turbopages.org/ecosophy.livejournal.com/s/271.html> (Дата обращения: 16.10.2023)
3. Bill Devall, *George Sessions: DEEP ECOLOGY, 1985.* — Salt Lake City: Gibbs Smith Publisher Peregrine Smith Books. — 264 p.

IRSTI: 39.21

AN ANALYSIS OF CHINA'S CONSERVATION MEASURES OF CULTURAL HERITAGES

¹Diao Abaisi, ^{1*}Imanaly Akbar

Department of Recreational Geography and Tourism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Email: akbar.imanaly@gmail.com

Abstract: *Cultural heritage is the key content of China's cultural relics protection work, and the world cultural heritage is the focus of the protection work, the protection of world cultural heritage helps to enhance China's cultural soft power and influence in the world. This paper expounds the connotation and type of world cultural heritage, points out that the protection of world cultural heritage need to comply with the basic principles, and in the imperial palace, Suzhou grand canal, Shandong mount tai, for example, discusses the Chinese strategy to protect world cultural heritage, including the resources activation and technology utilization, strengthen supporting measures, science for the world cultural heritage protection planning, strengthen the protection and management system reform, aims to promote the world cultural heritage better protection and inheritance.*

Key words: China; cultural heritage; conservation strategy; measures

Introduction. World cultural heritage is like a twinkling pearl, flashing the light of human history, culture and creativity. These cultural heritages represent the peak of human civilization, are the precious treasures of the past and the present, and will be passed on to generations to come. World cultural heritage sites do not only belong to a country or region, they belong to all mankind. These cultural heritages promote cross-cultural understanding, respect and cooperation, and promote the idea of cultural diversity. Through the protection and inheritance of these heritages, we can not only feel the common history of human beings, but also leave precious heritages for the next generation. In this way, relevant departments or researchers should actively learn from rich experience and explore more and more effective strategies to realize the protection and inheritance of world cultural heritage.

World Cultural Heritage sites represent the outstanding achievements of human civilization, covering sites, architecture, landscapes, traditional practices and cultural heritage with outstanding culture, history, art, architecture, scientific and social values^[1]. These legacies reflect the precious wealth of human creativity, historical heritage and cultural diversity^[2]. They carry the stories, traditions, values and practices of the past, and help people understand their own cultural roots and historical background^[3]. The connotation of world cultural heritage includes outstanding cultural values, highlighting excellence in the fields of culture, art, history, or science; it also includes architectural and artistic values, representing the artistic achievements of mankind, as well as scientific and research values, and providing important scientific insights into the earth and human history^[4]. Moreover, world cultural heritage also emphasizes cultural diversity from different countries and cultural backgrounds that help to promote cross-cultural understanding and respect^[5]. In addition, the world cultural heritage, the world natural heritage, the world mixed heritage belong to the world heritage, and the world cultural heritage here includes material cultural heritage and intangible cultural heritage, this paper will focus on the research of material cultural heritage.

Initial data and research methods. The principle of property protection and the right of ownership has to be balanced with the protection of integrity of cultural heritage and the principle of protection of cultural heritage. There are three basic principles of protecting the world cultural heritage. They are as follows:

(1) The principle of authenticity

In the process of protection of cultural heritage, the principle of authenticity emphasizes the importance of respecting the heritage and maintaining its original characteristics, which includes the historical, cultural and environmental background of cultural heritage, and these factors together constitute its irreplaceable characteristics^[6]. The protection of the authenticity of cultural heritage means that the original appearance of cultural heritage cannot be changed or destroyed at will, which includes not only the protection of buildings, sites and articles, but also the maintenance of traditional practices and cultural activities^[7].

(2) Principles of integrity

The principle of integrity, which emphasizes to ensure that all parts of a cultural heritage are preserved intact without irreversible damage, covers many aspects, including buildings, sites, objects, and traditional practices^[8]. Maintaining the integrity of the cultural heritage helps to ensure the comprehensiveness and understanding of the heritage, as it retains important elements of the historical and cultural background, enabling people to better understand and appreciate the value and significance of the cultural heritage.

(3) Principles of international cooperation

The principle of international cooperation emphasizes the need for cooperation and joint effort. Cultural heritage usually has the value of crossing national boundaries, so it needs the cooperation of national governments and international communities to realize the comprehensive protection and inheritance of cultural heritage^[9]. This principle emphasizes the following key aspects: First, resource sharing. International collaboration involves the sharing of resources, which involves the sharing of capital, technology, human resources, and expertise^[10].

Results. China's World Cultural Heritage Protection Strategy can be discussed in the following 4 categories:

(1) *Activate resources and utilize technologies*

With the development of society, people's demands for culture are also constantly updated. World cultural heritage can provide people with diversified cultural content, improve their spiritual outlook, and meet their new needs for culture. This requires China to strengthen the protection of world cultural heritage, through the rational use of digital technology, integration of effective resources, design is ground and rich cultural connotation of cultural innovation products and digital experience platform, the culture into daily life, make the traditional excellent culture and skills can be inherited in people's lives, which cause people the attention of traditional culture, strengthen their awareness of protecting cultural heritage^[11].

At present, there are 7 World cultural heritage sites in Beijing, namely Beijing Imperial Palace (1987.12.11), The Great Wall (1987.12.11), Zhoukoudian Beijing Man Site (1987.12.11), Beijing Summer Palace (1998.11.2), Beijing Temple of Heaven (1998.11.2), Ming and Qing Royal Tombs (Ming Tombs and Ming Xiaoling) (2003.7.2), and Grand Canal of China (2014.6.22).

Here, taking the Imperial Palace in Beijing as an example, we discuss its protection strategies, mainly from the following two aspects:

First, Use of digital technology. Background As one of the world cultural heritage sites, the Palace Museum has begun to try to apply virtual reality technology to meet the development needs of the new era and to improve its protection and development capabilities. The application of the technology not only shows the original historical appearance of the Forbidden City, but also brings people a sense of immersive, feeling the charm of the Forbidden City in this way. At the same time, with the effective application of digital technology, the public can enjoy the immersive experience, whether from the sense of touch, or hearing, let the public feel the all-round experience, which helps them fully understand and feel the cultural connotation and charm of the world cultural heritage^[12].



Figure 1. The old (left) and new (right) appearance of the Forbidden City in China

Second, we should innovate the ways that resources are used. A large number of historical treasures and cultural relics are preserved in the Forbidden City, but most of the culture has been sleeping in the warehouse, not shown to the world^[13]. In the process of development, in order to follow the development of the situation, meet the cultural needs of people, but also to better inherit the cultural heritage, and realize its maximum cultural value, it needs bold innovation and change.

(2) Strengthen supporting measures

The Beijing-Hangzhou grand canal as one of the world cultural heritage, in the process of social development, influenced by a variety of factors, produced certain damage, affect the inheritance effect, in order to maximize the cultural heritage, need multiple areas, multiple departments, at the same time also need to actively promote and the effective participation of the general public, through constantly improve and strengthen the corresponding supporting measures, to realize the further protection of the Beijing-Hangzhou grand canal cultural heritage.

First, do a good job in planning, strengthen the construction of laws and regulations, and protect the cultural heritage of the Grand Canal. Because the Beijing-Hangzhou Grand Canal has a long time span and crosses many provinces, its cultural connotation is both complex and rich, and it is also difficult in the protection process.

Second, mobilize the whole people to participate in cultural heritage protection activities and strengthen their awareness of protection. As an important part of the world cultural heritage, the Beijing-Hangzhou Grand Canal contains profound cultural deposits. However, the public has not realized that the Grand Canal is a cultural heritage, so they did not pay attention to the protection of the Grand Canal, and even caused certain damage to the Grand Canal^[14].

Third, strengthen research on the protection of cultural heritage, enhance exchanges among departments, pool the strength of all parties, reasonably protect cultural heritage from destruction, and ensure that the unique cultural value of the Grand Canal can be continuously inherited. In the process of protecting and developing the culture of the Grand Canal, we should not be the same, but inject more vitality on the basis of ensuring the original features of the Grand Canal.

(3) scientifically formulating plans for the protection of world cultural heritage

In the process of protecting the world cultural heritage, the protection planning should be placed in the same position as the law, and the law should be regarded as an important institutional guarantee. Cultural heritage needs to survive in the right environment.

First, the overall protection and planning of gardens and ancient cities. Suzhou classical gardens in Suzhou ancient city of Suzhou survival environment to one thousand, to protect the Suzhou classical gardens need to the ancient city of protection planning, to ensure that the two can effectively connect, make the ancient city of Suzhou for Suzhou classical garden achieve better protection and development to provide high quality service, to facilitate the value of Suzhou classical garden effectively promoted, can be more dazzling in the world cultural heritage^[15].

Second, we will strengthen the research work on protection planning. To formulate the protection plan of Suzhou classical gardens, it is necessary to comprehensively investigate the

environment of the ontology. This includes the surrounding commercial network, road river network, neighborhood, etc., and combined with the historical data, on the basis of the original protection, a comprehensive investigation of its survival environment, mining the historical landscape, combined with Suzhou classical gardens, make the garden can be in the historical environment, better highlight the regional characteristics, to ensure that the garden in the future inheritance can be more dynamic.

Third, the certification of protection programs. Among the world cultural heritages, Suzhou classical gardens belong to a special type. It is a comprehensive discipline covering many fields such as environment, botany, art, history and architecture. So, in Suzhou classical garden protection planning, can invite multiple experts and scholars in the field to participate in the work, to ensure that the planning is comprehensive and scientific, under the guidance of many professionals, believe that the protection planning can provide quality services for Suzhou classical gardens, to ensure that it can continue to pass on.

Охране природы служит и преимущественное использование в качестве средства передвижения транспортных средств. С организацией природного парка в Ала-Арчинском ущелье созданы все условия для сохранения всего природного комплекса и отдельных памятников природы, а также для организации и упорядочения посещения его территории в целях познавательного туризма. Для выполнения этих задач территория парка подразделена на зоны, различные по функциональному назначению, режиму охраны и использования. Наиболее сохранившееся урочища на территории парка выделены как заповедные участки природных ландшафтов в целях сохранения естественных комплексов.

Значительная территория, простирающаяся почти до южной границы парка, выделена как воспроизводственная зона, где проводится комплекс работ по лесовосстановлению. В этой зоне проводятся мероприятия по архитектурно-планировочному благоустройству для организации регламентированного экскурсионно-познавательного туризма. Здесь допускаются экскурсии по строго установленным маршрутам, а также посещение альпинистских групп по горным процессам различной категории сложности. На территории этой зоны расположены самые большие на Киргизском хребте ледники: Большой и Малый Ала-Арчинские, Манаса, Голубина, Топ-Карагай, Ак-Сайский, Учитель, Адегене и другие. Небольшая рекреационная зона у северной границы с площадью селитебно-парковой застройки у въезда в парк составляет по площади менее 5% территории. В этой зоне проводятся мероприятия по повышению устойчивости природных комплексов, снижению концентрации посетителей в наиболее привлекательных местах и ограничению разового пребывания посетителей в пределах установленной емкости. Здесь допускается экскурсионно-познавательный пеший туризм, авто и конно маршрутные кратковременные экскурсии, горнолыжный спорт и альпинизм. Особенно здесь широко развито организационно-коллективное посещение по предварительным заявкам, для чего по зоне проложена маршрутно-тропиночная сеть со специальными площадками для осмотра местности.

Наличие богатого неповторимого животного мира создает условия для организации ограниченной спортивной охоты. Здесь обитают такие животные как снежный барс, архар, каменная куница, птицы-кеклик, улары. Чего стоит наблюдение только за одним беркутом, являющимся символом свободы и силы олицетворением величия гор. Эти впечатления зрелища завораживают не только приезжих из-за пределов Кыргызстана, но у местных жителей. Исключительные условия на территории парка имеются для развития всех видов туризма и альпинизма. Зубчатые водораздельные гребни, скалы, корумы обнаженные морены, ледники, вечная мерзлота издавна привлекают в эти места любителей природы, туристов, исследователей. Туризм, являясь активным отдыхом, спортом, дает возможность познать мир, почувствовать ответственность за природу. То же самое можно сказать и об альпинизме, получающем все большую популярность. Альпинизмом в Чуйской долине серьезно стали заниматься лет 45 назад, создав секции альпинизма. Главной базой сбора альпинистов служит лагерь Ала-Арча, способный принимать более 150 человек одновременно.



Более 20 тыс. альпинистов и около 10 тыс. туристов бывают здесь каждый год. Зимой альплагерь принимает в основном экскурсантов и туристов.

Природный парк Ала-Арча к настоящему времени, выполняя множество функций, превращается в центральное организующее звено обширного природного горного рекреационного комплекса, в который входят многочисленные привлекательные элементы ландшафта, рассредоточенные по Киргизскому хребту и его предгорьям. Изучение природных ландшафтов северного склона Киргизского хребта исходя из научно оправданных методов, помогло выявить его специфичность, как крупной территориально-рекреационной системы являющейся единством многообразия. Это позволило сделать ряд выводов и предложений для перспектив развития рекреаций в природном парке Ала-Арча: - наличие высотной поясности аридного климата, и как следствие, неравномерность расселения диктуют строгие условия при рекреационном освоении территории парка, требующие оптимального сочетания по компонентной и комплексной ландшафтной оценке рекреационного потенциала территории.

Зона отдыха «Ала-Арча» сочетая пассивный и активный виды отдыха, может функционировать круглогодично, специализируясь в зависимости от сезона. Если зимой основу будет составлять горнолыжный туризм, то летом- спортивно- оздоровительный отдых.

Опыт развития как отечественного, так и иностранного туризма убеждает, что в перспективе такие комплексы могут принять до 5000 туристов. Цифра эта рассчитана по предельной допустимой антропогенной нагрузке на природный комплекс. Таких комплексов в «Ала-Арче» три: «Чункурчак», «Шамси», «Чабык - Тибек».

Выводы. В заключение, детально изучая потенциал каждой ландшафтно-рекреационной зоны, целесообразно объективно выявить природно-рекреационный потенциал ландшафтно-рекреационных районов, а по возможности отдельных бассейнов рек. Именно такой подход, мне кажется, определит в одно и то же время схожесть потенциала ландшафтов одного геометрического уровня и различие этих ландшафтов по различным районам области, что основывается на своеобразии типов в ландшафтной структуры.

Природные и национальные парки- одна из наиболее перспективных форм охраны природных комплексов и использование территории в рекреационных целях. Ала-Арчинское ущелье с уникальными величественными горными ландшафтами, большим количеством водопадов, скал, ледников, разнообразной флорой и фауной представляет собой интерес для целей рекреации. Особенности рельефа природного парка дают возможность для организации туристских маршрутов разной степени сложности с большим набором уникальных природных объектов.

Главным из этих объектов является, конечно же, арча. Вполне оправдано название ущелья Ала-Арча, что переводится на русский язык, как пестрая арча или пестрый можжевельник. На северных склонах среднегорья, куда солнце заглядывает лишь ненадолго, растут высокие стройные деревья, формой похожие на ели. На более сухих южных склонах арча с коротким стволом и мощными горизонтально ветвями редко поднимается выше 2-3 метров. Иногда она имеет форму кустарника. Этот удивительный по своей красоте, богатству растительного и животного мира, разнообразию ландшафтов природный уголок может использоваться для туризма круглый год, но только с соблюдением необходимых природоохранных мероприятий. Национальный государственный парк «Ала-Арча» ежегодно посещают свыше 30 тыс. туристов, что в несколько раз превышает допустимые рекреационные нагрузки.

Уже теперь на многих участках выражена явная дигрессия растительного покрова. В результате чрезмерного посещения елового леса в урочище Ак-Сай происходит вытаптывание растительного и почвенного покрова, появления довольно больших участков оголенной почвы, уплотнение почвы, которое неблагоприятно действует на корневую систему и режим влажности почвы, снижается ее водо- и воздух проницаемость, что ведет к нарушению биологической активности почвы, ухудшению роста деревьев, снижению прироста и усыханию кроны.

Список литературы

1. *Атышов К.А., Турдумамбетов Б.У. Экотуризм: Учебное пособие. - Б.: 2005.*
2. *Воробьев Г. Государственный природный парк "Ала-Арча", Фрунзе, Кыргызстан, 1980.*
3. *Дудаивили С.Д. Туризм в Кыргызстане: Эволюция развития. - Б., 2005.*
4. *Дудаивили С.Д. Туристские ресурсы Кыргызстана. – Б.: Раритет Инфо, 2004.*
5. *Постановление Центрального комитета Коммунистической партии Киргизии и Совета Министров Кыргызской Республики от 29 апреля 1976 года за № 244 № 244 от 28.01.1976.*
6. *Закон Кыргызской Республики Об особо охраняемых природных территориях № 18 от 02.01.2011.*
7. *Закон о национальном парке №1 № 123 от 02.01.2021.*

«ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАСЫЛ PR» СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ «ЗЕЛЕНый PR ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО БУДУЩЕГО»
SECTION «GREEN» PR FOR A SUSTAINABLE FUTURE»

ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ ҮШІН «ЖАСЫЛ» ЖАБДЫҚТАР ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Мусабекова Л.Н., Нуртилеуова С.Р.

М.Әуезов атындағы ОҚУ-і, 6B05220-География БББ студенті, Шымкент қаласы, Қазақстан,
Itajimurat@mail.ru

М.Әуезов атындағы ОҚУ-і, магистр, аға оқытушы, Шымкент қаласы, Қазақстан
nur.saule_74@mail.ru

Аннотация. Мақалада Еліміздегі энергия көзін үнемдеу, оңтайлы қолдану үшін және қалдықтарды қайта өңдеудің маңыздылығы баяндалады. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі тұрақты энергия, қалдықтар, жасыл экономика. Сондықтанда халыққа қалдықтар қайта өңдеу құралдары мен мәліметтерді қызықтыра, пайдалы көз ретінде пай ету қажет. Қазақстанның қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаты «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамада айқындалған. Онда қалдықтарды бөлектеп жинауды енгізуге мемлекеттік-жекеменшік арқылы инвестиция тарта отырып, қайта өңдеу шикізаттарын алу бағыты көрсетілген. Сол арқылы қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға күш жұмсалу керек.

Түйін сөздер: ресурс, қайта өңдеу, экономика, энергия, экология

Кіріспе. Елімізде жыл сайын бірнеше миллион тонна қалдықтар оның ішінде: картон, шыны ыдыстар, ағаш өнімдері, мата т.б. шығады. Қазақстанда қайта өңдеу жобасы қарастырылып, тіпті іске асып жатса бірқатар мәселелер әлі шешімін таппады, онымен қоса қайта өңдеу жобасы бойынша яғни шарттары бағытында халық дұрыс жұмыс атқарып жатқан жоқ. Және де қалдықтарды өңдеу жабдықтары елімізге танылғаны мен қызығушылық өкінішке орай орын алмады.

Дәл осы мәселелерге байланысты жабдықтар толық қанды орнатылмаған. Орнатылған жабдықтардың өзі халық арасында танылмай, дұрыс қолданыста емес. Алдағы жылдары қуаты жылына 300 мың тонна болатын тағы бір қоқыс өңдеу зауытының құрылысы жоспарланып отыр. Табиғи ресурстар басқармасы басшысының айтуынша, бүгінгі таңда негізгі міндеттердің бірі – қатты тұрмыстық қалдық полигондарын тәртіпке келтіру және заманауи стандарттар бойынша жаңа құрылыс салу болып отыр. Себебі қайта өңдеу жобасы, қағаз контейнерлері қоршаған ортаға зияны жоқ және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Дамыған елдердің тәжірибесінде, қоқысты қайта өңдеу тек энергия көзі ғана болып қоймай, сонымен қатар қосымша ресурстар өндіре алады. Сондықтан да қалдықтарды қайта өңдеу жабдықтары тек онымен ғана шектелмей сол жабдықтарды халық арасында қызықтыра жүзеге асыру маңызды.


Сұрыптау мен қайта өңдеу елдегі қалдықтарды басқару көрсеткішінде нақты көріністі бермейді. Өйткені әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен мәселелері бар. Мәселен, Қазақстанның барлық қалалары мен облыстарында материалдардың түрлерін айтпағанда, ең болмағанда қағаз бен мата қалдықтарына арналған бөлек жинайтын контейнерлер жоқ. Нақтырақ айтсақ, еліміздегі ауданның 64,3%-да ғана тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілген, ал барлық елді мекендердің жартысында ғана сұрыптау желілері бар.

Бастапқы деректер және зерттеу әдістері. 2025 жылға қарай қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін 34%-ға дейін жеткізу мемлекет алдында тұрған нақты мақсаттардың біріне айналып отыр. Бұл мәселені шешу үшін экологиялық қауіпін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялық және экономикалық саясатты талдап, әлемдік тәжірибедегі оның даму тенденцияларын ескеруді және өзіміздің әрекетімізге қарай бейімдеуді қажет етеді. Егер Еуропаның Германия, Аустрия, Швеция және Нидерланд сияқты алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіндегі негізгі үш бағытқа сүйенсек, аталған өнімнің құнды компоненттерін

қайта өңдеу шикізат ретінде қолдануға және қайта өңдеуге басымдық беруге болады. Өйткені адам еңбегімен жасалынған көптеген өнім бір рет қолданғаннан кейін, мәселен, қағаз қалдықтары қайталама энергетикалық ресурстар ретінде пайдаланып, кейін залалсыздандыруды керек етеді. Бұның бәрі белгіленген табиғатты қорғау нормалары мен ережелерге сәйкес қалдықтарды полигонға жеткізеді. Нәтижесінде, ең алдымен, қалдықтың 40-65%-ы қайталама материалдық ресурстар ретінде қолданылса, екіншіден, 25-35%-ы энергияны қолдануға жарату арқылы жағылып, оның 20% - дан азы көміледі. Осылайша, бұл мәселе қайталама материалдық пайдалану арқылы шешіледі деуге болады [1].

Қазақстанның бірнеше аймақтарына қайта өңдеу технологиясы жүргізілгенмен дұрыс пайдалану жұмысы мен нәтижесі айтарлықтай оң емес. Сондықтан да қайта өңдеу жабдығын орнатып қана қоймай, пайдасы мен жарнама жағын қарастыру маңызды.


1 Кесте - Қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама пайдалану (пайызбен)



Қайта өңдеу жабдығы оның ішінде қағаз контейнерлері жеткіліксіз қарастырылған. Зерттей келе, қағаз контейнерлерін бірнеше оқу орындарына сонымен қоса оқу курстары бала бақша орындарына орнату қажет. Негізінен қағаз өнімін қайта өңдеу еліміздің экологиясы мен қатар оттегі, ағаш, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға ықпалын тікелей тигізеді.

Қағаз бен осыған ұқсас өнімдердің шикізаты – целлюлоза. Өсімдіктерде табиғи түрде кездесетін целлюлоза ағаштардан алынады. Сондықтан қағаз өндіру үшін жыл сайын жүздеген ағаш кесіледі. Ағаштардың кесілуі көптеген жануардың мекені ормандардың жойылуына, жер бетіндегі оттегінің азаюына және қоршаған орта теңдігінің бұзылуына жол ашады. Қағаз бен картон қалдықтардың қайта өңделуі арқылы осындай зияндарға жол ашпастан целлюлоза алуға болады. Қалдық қағаздарды қайта өңдеп, қағаз өндіруге болады. Осы әдіс әрі өндіріс құнын азайтады, әрі экологиялық теңдіктің маңызды бөлшегі саналатын ағаштардың кесілмеуін қамтамасыз етеді. 1 тонна қалдық қағаздың қайта өңделуі 14 ағашты кесуден құтқарады [2].

Қысқаша айтқанда, қағазды қайта өңдеу кезінде табиғи ағаштың шикізаты үнемделеді, өндірістік және капиталды шығындар азаяды, су шығыны азаяды және қоршаған орта қорғалады. Егер макулатура энергиялық мақсаттар үшін қайта өңделсе, қазбалы отынға қажеттілік азаяды және бұл азайту көмірқышқыл газының тепе-теңдігіне және парниктік әсерге оң әсер етеді.



Сурет 2. Қалдықтарды өңдеу жабдықтары


Зерттеу нәтижесінде елімізде қағаз қалдықтары және мата тоқыма өнеркәсібі қоршаған ортаға үлкен әсерін тигізеді. Тоқыма өнеркәсібі қоршаған ортаға үлкен әсер етеді. Мысалы, мақтадан жасалған бір жейде шығару үшін шамамен 3 мың литр су қажет - бұл бір адамға үш жылға жетеді. Көптеген киімдер қайта өңделмейді, өйткені көптеген адамдар киюге болмайтын заттармен не істеу керектігін білмейді. Көптеген қалаларда қажетті инфрақұрылым жоқ, сондықтан біз тек кейбір жаппай нарық дүкендерінде қажетсіз тоқыма бұйымдарын қайтара аламыз.

Сондықтанда жобада киім-мақта контейнерлін орнату ұсынылады.



Сурет 3. Қолданылған киімдер контейнерлері

Ал енді осы жобада, жабдық-технологияларды халық арасында жарнамалап, таныту және қызықтыру үшін «Бонус-депозит» жобасын енгізуді ұсынамыз. Бұл депозит сауда орындарында оның ішінде мысалы Магnum, Грамад сауда орындарында жүзеге асыруға болады. Яғни адамдарға қағаз, бөтелке яғни қайта өндірілетін қалдықтарды тапсыру арқылы депозит картасына бонустар түсере отырып қызықтыру. Тіпті депозит картасы да қалдықтарды қайта өңдеп жасалынады.



Сурет 4. Бонус карталарының үлгісі

Нәтижелері. Болашақта қалдықтарды қайта өңдеу жабдығын орнату арқылы халыққа пайдасы тиетіндей етіп жарнамалау және енгізу экономикаға да халыққа да тиер пайдасы көп болар еді.

Дәл осы жобаларды қалыптастыру нәтижесінде қоршаған ортаны, қағаз өнімдерін және экономиканы жақсарта аламыз. Оқу орындарына яғни қағаз өнімдері қалдықтары шығатын орындарда контейнер қою арқылы қағазды қайта өндіріп, су ресурсын үнемдей аламыз.

Қағаз қалдықтарды өндіру нәтижесі өте ауқымды Қазақстан мемлекетінде орман ресурстары жеткіліксіз болғандықтан оны қорғау ең маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да қағаз, картон қалдықтарын қайта өңдеу арқылы экономика тұрғысынан, экологиялық тұрғыдан да оң нәтижелерін көре алар едік.

Күнделікті өмірде қолданатын және шығатын картон қалдықтар тіпті компаниялардың өзінде көп мөлшерде шығарылады. Қағаз қалдықтарын өңдеу үшін алдымен сұрыптау жұмысын жүргізу қажет. Сондықтан елімізде контейнерлер, технология жабдықтарын орнату арқылы экология мәселесінде жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Әлемдегі дамыған мемлекеттер тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы миллиондап табыс табады. Яғни қағаз қалдығын қайта өңдеу арқылы бизнес бастамаларын жүзеге асыруға болады. Тағы бір пайдасы қайта өңделген картон қағаздарынан түрлі жабдықтар жасауға болады, мысалы қолөнер жабдықтар, шамдар т.б. [3].

Қағаз, картон жабдығын қайта өңдеу - тұрақты, пайдалы әдістердің бірі. Картонды қайта өңдеу қоршаған ортаға кері әсерді азайтуға және табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектеседі. Сонымен қатар, оны өнер жобалары мен ұйымдастыру шешімдерін жасау үшін қайта пайдалана аламыз.



Сурет 5. Контейнер орнатуға қолайлы нысандар

Қайта өңдеу жұмысы көп талаптарды қажет етеді. Сондықтан осы жобаны жеңілдету үшін сұрыптау жұмысына назар аудару қажет. Еліміздегі ең ірі қалдықтарды өңдеу зауыты «Астана қайта өңдеу зауыты» бұл туралы бірнеше мәлімдеме айтылған. Біз бұл тақырыпты алу себебіміз де осында. «Жасыл» экономика бағытын қалыптастыру үшін бірінші халық тарапынан іс-әрекет болу қажет.

«Депозит» бонусының нәтижесі екі жақты да қамтиды. Қалдықтарды сұрыптау жұмысы халық арасында танымалдылығы артады.

«Депозит» бонустың пайдалы тұстары:

- қайта өңдеу қалдықтары халық арасында кеңінен танымалдылығы, қызығушылығы артады

- қалдықтар сұрыпталуы өз ретімен жүзеге асады

- экономика нәтижесі жақсарады

- қайта өңделетін қалдықтар жарнамасы жақсы жүзеге асады.



Сурет 6. Бонус карталарының қолданылу аясы

Қорытындылар. Қорытындылай келе, қазіргі экологиялық жағдайды ескеретін болсақ қалдықтарды оның ішінде қағаз картон өнімдерін қайта өңдеу арқылы оны қайта қолданысқа ұсыну. Өңдеу үшін контейнер жабдығын орналастыру. Бүгінгі таңда адам өмірінде үнемі қалыптасатын тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Бірте-бірте жинала бастаған бұл қалдықтар нағыз апатқа айналып үлгерді. Сондықтан, технологиялық дамыған елдердің үкіметтері қалдықтарды өңдеудің жаңа технологияларын ынталандыра отырып, экологиялық мәселелерге көбірек көңіл бөле бастады. Осы мәселелерді қолға алу мақсатында мемлекет тарапынан қолдау болса құба-құп болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан газет журналы, 12 қазан 2023 ж. <https://egemen.kz/amp/article/350744-qaldyqy-qayta-onhdeu-uaqyt-talaby#>
2. <https://www.ekolojik.com.tr/kk/ekolojik-urunler/geri-donusturulmus-kagit/>
3. Экология (оқулық) - Алматы, 2008.

МРНТИ 39.01.94

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ

Ошанова О.Ж.

филол. ғылымд. кандидаты, қауымдастырылған профессор
ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы

Әлемдік экономиканың «жасыл» секторын дамыту - уақыттың өзі адамзаттың жарқын болашағының кепілі ретінде алға тартып отырған маңызды мәселе. Әрине, ауқымы басқа

салалармен салыстырғанда қомақты болмағанмен, кейбір дамыған мемлекеттердің шаруашылық кешеніндегі өсу үлесінің қарқынды дамуы көңілге демеу болады.

«Жасыл» экономика идеясы қоршаған ортаны жақсарту бағыты бойынша (ЮНЕП) БҰҰ бағдарламасы ретінде 2008 жылы қабылданды. Анықтамасына келсек, бұл дегеніміз – жер бетінде тіршілік ететін барлық жандылардың табиғатпен үйлесімде әрі тепе-теңдікте өмір сүруіне мүмкіндік беретін қағидаларды адамзаттың алдына тартып, осы бағытта қазіргі сәттен бастап болашақ ұрпаққа аманат етер таза планетамызды жақсарту жолында әрқайсымыз қосар үлесіміздің салмағын бағамдауымыз керек деген сөз.

Әр адам қоршаған ортада болып жатқан қауіп-қатерлер себебінің бір ұшы өзіне келіп тиетінін саналы түрде сезінсе және салауатты өмір сүруге қадам басса, мұның біз айтып отырған проблеманы шешуге тигізер септігі орасан болар еді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) «жасыл» технологиялар саласын төмендегідей бағытта жіктейді:

- * жалпы экологиялық басқару;
- * энергияны жаңадан іске қосылған балама көздер арқылы өндіру;
- * климаттың өзгеруі салдарынан болған зардаптарды жеңілдету;
- * ауаға тарайтын зиянды қалдықтар мөлшерін азайту;
- * отындарды пайдалану тиімділігін арттыру,
- * ғимараттар мен жарық беруші құралдардың энергиялық тиімділігін арттыру.

Бұл бағытта жұмыла еңбек ету тек қаржылық немесе материалдық ресурстарды ғана қажет етпейді, мәселе адамдардың келешек үшін саналы әрекет етуге дайын болу қажырлылығында жатыр.

Жасыл экономиканы дамытудың қажеттілігін дамыған елдер бірінші кезекте қолға алып, басқа мемлекеттерге үлгі болып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, көшбасшы елдердің алдында, Оңтүстік Корея тұр. Бұл елде ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 3%-ы немесе 60 млрд АҚШ доллары «жасыл» сектордың дамуына бөлінеді (1).

Ал АҚШ-қа келер болсақ, бұл ел жасыл экономиканы дамытудың негізгі бағыты ретінде энергетиканың балама көздерін жетілдіру жолын таңдады. Күн құрылғыларының көмегімен 2030 жылға қарай ел тұтынатын энергияның 65%-ы, жылудың 35%-ы өндірілетін болады деп болжап отыр және бұл бағытта кешенді жұмыстар атқарылууда.

Еуроодаққа мүше елдері энергетика, қоғамдық көлік пен инфрақұрылымды дамыту, эко-қоныстар, сонымен қатар қалдықтарды кәдеге жарату жүйесі салаларында «жасыл» шараларды белсенді түрде қолға алып, тиімділігі жоғары механизмдерді іске қосқан. 2025 жылдарға дейін Швеция өз елінде мұнайдан толық құтылууды, көмір мен ядролық энергияны қолданыстан шығаруды жоспарлап отырса, ал Қытай электр энергиясының 15%-ын жаңа энергия көздерінен алу, ал экономикадағы көміртегі мөлшерін 45%-ға азайту жоспарлауда. ҚХР-дың энергия үнемдеуге, жаңа энергия көзін табуға, тиісті технологияларға бөлінген мемлекет қаржысының көлемі АҚШ пен ЕО елдерінің көрсеткіштерінен асып түсті. Қытай өндірушілері күн батареяларының әлемдік экспортының 40%-ын, жел құрылғыларының 20%-ын иеленеді.

Ал елімізде бұл бағытта қандай кешенді шаралар атқарылып жатыр десек, әрине дамыған мемлекеттермен салыстырғанда деңгейіміз сын көтермейді. Бір ғана мысал, *елімізде бүгінгі күні ауыл шаруашылығында жел энергиясын қолдану 1%-ды ғана құрайды, бұл ЕО елдеріне қарағанда 10 есе аз. Ал басқа Еуропа елдерінің тәжірибесін айтар болсақ, оларда жел электр энергиясын тұтыну жалпы электр энергиясын тұтынудың шамамен 20%-ына жетеді.*

Қазақстанда жасыл экономиканы өркендетуге қаржылық мүмкіндік те әрі кәсіби мамандар әлеуеті де жеткілікті десек артық айтпаспыз, осыған орай елімізде жасыл экономикаға көшу ұстанымы танымалдық танытып, бұл бағытты отандық БАҚ-тардың да елеулі үлес қосып отырғанын айтпасқа болмас.

Қазіргі таңда «Жасыл» экономикаға көшудің мемлекет алдындағы басты міндеттері:

*ресурстарды (су, жер, биологиялық және т.б. ресурстар) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;

* ағымдағы инфрақұрылымдарды жаңғырту және жаңасын салу;

* қоршаған ортаға жасалған қысымды оңтайлы жолдармен жеңілдету;

* қоршаған орта сапасын жақсартып мен тұрғындардың денсаулығы мен әл-ауқатын жоғарылату.

Бұл міндеттерді ел болып іске асыру қажеттігін мойындай отырып, сонымен қатар еліміздің БАҚ-тарының бұл бағыттағы атқарар жұмысының салмағын бағамдауға болады. Осы орайда қазіргі таңда бұл саладағы жедел қарқында шешімін табуға тиісті қандай мәселелер бар деген сұраққа тоқталайық.

Бірінші мәселе, еліміздің кейбір аймақтарында әлі күнге дейін экологиялық тұрғыдан қауіпті әрі ластанған, өткен ғасырдан келе жатқан кәсіпорындар жұмыс істейді. Мысал ретінде Алматыдағы Жылуэлектр орталығын алсақ та жеткілікті, бұл кәсіпорын әлі күнге дейін көмір отынын пайдалануда, ал оның қоршаған ортаға тигізер зияны орасан зор. 2022 жылы Алматыдағы 1 санаттағы кәсіпорындардан атмосфералық ауаға жалпы көлемі 37 мың тонна зиянды заттар тараған, ал 2021 жылы 37,7 мың тоннаны құраған (2).

Екінші мәселе. Қазіргі таңдағы шұғыл шешімді қажет ететін проблема, ол - тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚК), қайталама шикізат, қайта өңдеу мен қалдықтарды кәдеге жарату. Қалдықтарды жинау және шығару қызметі бойынша ел тұрғындарының 65%-ы ғана қамтамасыз етілген.

Қазақстанда үш мыңнан астам қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТК) полигоны бар, олардың тек 20 пайызы ғана экологиялық нормаларға сәйкес.

Бұл мәселе Павлодар (1,25%), Батыс Қазақстан (1,4%) және Солтүстік Қазақстан (3,5%) облыстарында өте өзекті болып тұр. Осы жылдан бастап оларды көмуге тыйым салынды. Норма 2016 жылы енгізілді. Оған қарамастан, тек Астана, Алматы және Лисаковск қалаларында құрылыс қалдықтарына арналған алаңдар бар (3).

Үшінші мәселе. Қазақстанда энергетиканың балама көзі ретінде жел энергиясын және күн сәулесін тұтыну бастамасы көтерілгенмен бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып жатқан жоқ. Нақтырақ айтсақ, жел күші мен күн сәулесі арқылы өндірілетін электр энергиясы іс жүзінде шағын елді мекендер мен шаруа қожалықтарында ғана тұтынылады.

Елімізде шетелдік ірі инвесторлар Қазақстанда жел және күн энергиясы бойынша ірі жобаларды қаржыландырып жатыр. Дегенмен бұл салада сарапшылар шешілмей отырған мәселелер бар екенін, нақтырақ айтсақ баламалы энергия көздерін өндіруші шетелдік ірі компаниялардың қатарына біздің компанияларды енгізу қиын екенін жоққа шығармайды және оларды шешудің жолдарын да ұсынады, мәселен, Қазақстандағы шағын шаруашылықтардың генерациясын қолдау, құрылыс кезінде қазақстандық компанияларға басымдық беру, бұл салалардағы қызмет сапасын жақсарту, кәсіби мамандарды әзірлеуді қолға алу (4).

Төртіншіден, елімізде ғылымның беделін көтеруге тиіспіз. Бәрімізге белгілі, ғылыми зерттеулерсіз қоршаған ортаны жақсартамыз және қоғамның экологиялық қауіпсіздігі нормасын сақтау мүмкін емес. Нақтырақ айтқанда, ғылымның жеткілікті дамуынсыз «жасыл» экономика бағытынан ілгерілеу күту және әлемдік нарықта өндіріс пен бәсекелестік артықшылығын жетілдіреміз деу орынсыз.

Елімізде шешімін таппаған әлемдік экожүйенің баланысын бұзатын күрделі проблемалардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз, алайда бұл орайда мемлекетіміздің жүйелі жұмыстарды қолға ала бастағаны бізді қуантады. Нақтырақ айтсақ, 2021 жылы Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Арал теңізінің құрғаған түбіне жалпы көлемі 1,1 млн гектар жерге сексеуіл отырғызуды нақты іске асыру қолға алынды. 4 жылда жыл сайын 250 мың га алқапта жүргізілетін болады. Еліміз Өзбекстан Республикасының оң тәжірибесін қолдана отырып, алғаш рет сексеуілді аэро егуді жүргізуді бастады.

Әлемдегі ең үлкен экомәселелердің бірі - қайта өңдеуге жатпайтын күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын пластикалық заттардың қоршаған ортаға зияндылығы, бұл орайда

ғалымдар мәселені оңтайлы шешу үшін түрлі инновациялық жаңалықтар ашып, әр тұтынушыға қолжетімді құрылғылар ойлап табуда. Таяуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да осындай пластик заттарды қабылдайтын фаноматтар орнатылды (5), бұл дегеніміз жасыл экономикаға әр азаматтың үлес қоса алатынын көрсететін жарқын бастама дер едік.

Ал мемлекетіміздің бұл бағытта әлемнің дамыған елдерінен үйренер тәжірибесі де аз емес. Мысалы, Оңтүстік Корея «жасыл төлем картасы» жүйесін іске қосқан, бұл карталардың көмегімен экологиялық инновациямен өндірілген «жасыл» тауарлар мен қызметтерді тұтынуды, жекенің орнына қоғамдық көлікті пайдалануды, сонымен қатар энерготімді тауарларды қолдануды есептеуге мүмкіндік туар еді.

Әлемнің дамыған елдері экологиялық ең таза әрі үнемді көліктерді шығару өндірісін белсенді түрде қолға алып әрі өз елдерінің тұрғындарын осындай автомобильдерді тұтынуға жаппай насихаттап жатыр. Бұл бағытта біздің мемлекетіміздің ірі қалаларында белсенділік байқалады, дегенмен бұл орайда халықтың сауаттылығын арттыру қажеттігі алға тартылатынын баса айтқымыз келеді.

Біз еліміздегі «жасыл экономика» саласына қатысты бірнеше өзекті мәселеге тоқталдық. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, «жасыл» экономика экологиялық сауаттылықты арттыруды, адамзаттың табиғатпен үйлесімде тіршілік ету қажеттілігін сезінуді, сонымен қатар аймақтық дамуды, әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етуді, «жасыл» экономика секторында құрылған жаңа жұмыс орындары есебінен экономикалық әлеуеттің ұлғаюын реттейді.

«Жасыл» экономикаға көшу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы секілді жаһандық қауіп-қатерлердің ықтималдығын төмендетуге әр мемлекеттің үлес қоса алатындығын танытатын маңызды көрсеткіш. Осы орайда мемлекет, бизнес пен қоғам сияқты мүдделі тараптардың үйлесімді ісі, бірлесе атқарған жұмысы, дұрыс жолға қойылған жүйелі әрекеті бар кезде Қазақстанның бұл бағытта да әлемдік аренада жоғары жетістікке жететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мамытбеков Е. «Жасыл» экономикаға өтудің көкейкесті мәселелері. 12.06.2019 Сілтеме: <https://igtipc.org/kk/news-res/297-20190614-115351>
2. Попова М. ТЭЦ портят воздух в Алматы – что делать, чтобы дышать стало легче 13.04.2023. Ссылка: <https://inbusiness.kz/ru/last/tec-portyat-vozduh-v-almaty-cto-delat-ctob-dyshat-stalo-legche>
3. Қазақстандағы қоқыс полигондары нормаларға сай емес. «Егемен Қазақстан». 04.11.2021. Сілтеме: <https://egemen.kz/article/295298-qazaqstandaghy-qoqys-poligondary-normalargha-say-emes>
4. Елімізде баламалы энергия көздерін енгізуде қандай кедергілер бар. 07.09.2018. Сілтеме: https://kazinform.kz/news/elimizde-balamaly-energiya-kozderin-engizude-kanday-kedergiler-bar_a3382760/
5. ҚазҰУ қалашығында пластик бөтелке қабылдайтын фаноматтар қойылды. 11.04.2024. Сілтеме: <https://farabi.university/news/87305?lang=kz>

МРНТИ 39:0232

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ: ҚОҚЫС – ҚОРДАЛЫ МӘСЕЛЕ

¹Иманғалиев Б.С., ²Сеңілғазы А.Б.

¹ф.ғ.к., доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, baur.iman@mail.ru
магистрант, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, aruzhanseilgazy7@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздегі экологиялық тақырыптардың бірі – қоқыс мәселесі, оны өңдеу, табиғи пайдалы заттарға айналдыру жайында болады. Осы жәйттарды ғылыми тұрғыдан зерттей отырып, аталған проблеманы шешу жолдары қарастырылды. Алғашқы бөлімде экологиялық саясатты ҚР Конституциясы тұрғысынан ашып, қордалы сұрақтар талданған. Мақалада әлемдік тәжірибедегі озық үлгілерді мысалға ала отырып, отандық жүйеге сәйкестендіру жолдары зерделенді. Сонымен қатар Оңтүстік Корея мемлекетінің экологиялық мәдениеті негізінде ұсыныстар айтылды.

Кілт сөздер: экология, жасыл экономика, қоқыс, жүйе, өңдеу, қалдық.

Технологиялық прогресс экологиялық жағдайдың нашарлауына әкеледі. Үлкен аумағы мен үлкен табиғи ресурстары бар Қазақстан да экологиялық мәселелерді шешу үшін саяси жүйемен жұмыс жасайды. Ел басшылығы экологияны жақсарту, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту, табиғатқа ұқыпты қарау секілді негізгі міндеттемелерге басымдық береді. Азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Заңда табиғи ресурстарды, сирек кездесетін жануарларды сақтау, орман шаруашылығы, ерекше қорғауға алынған табиғи территориялар, жануарлар әлемі, балық шаруашылығы сынды түрлі табиғат объектілерін қорғау мәселелері қарастылырылған. Мемлекеттік қарауға алыну қажет тақырыптардың тағы бірі – қоқыс қалдықтарын қайта қолдану мүмкіндігіне жол ашатын жеке тұлғалық мәдениетті қалыптастыру. Қалдықтарды қайта өңдеудің жеткіліксіз деңгейі Қазақстан үшін аса маңызды экологиялық проблемаларының бірі. Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату деңгейі әлі де төмен. Экология және табиғи ресурстар министрлігі қалдықтармен байланысты проблемалар Мемлекеттегі басты экологиялық проблемалардың үштігіне кіретінін атап өтті. Ал пайда болған қалдықтар көлемінің де, оларды қайта өңдеу үлесінің де айтарлықтай төмендеуінің себебі мемлекет тарапынан түсіндірілмей жатады. Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтардың көп жиналғаны соншалық, 2019 жылдан бастап билік қоқыс полигондарында алдын ала сұрыптаусыз пластмасса, қағаз және шыны көмуге тыйым салды. Осы тұрғыда Энергетика министрлігі қалдықтарды қайта өңдеу жұмыстарының деңгейін арттыруға және халық арасында қоқысты бөлек жинауды енгізуге тырысуда. Мәселені тек тыйымдармен шешуге бола ма, неге қазақстандықтар үй қалдықтарын сұрыптамайды, ал бизнес қайта өңдеу саласына баруға асықпайды? Орта есеппен алғанда, әрбір қазақстандық жыл сайын 250-360 килограмм тұрмыстық қалдықтарды шығарады, бірақ қатты тұрмыстық қалдықтардың құрамы әр өңірде әртүрлі. Оңтүстік аймақтарда пайыздық қатынаста өңделмейтін тамақ қалдықтары көп болса, солтүстік аймақтарда қайта өңделетін қалдықтар басым. Мысалы, егер пластикалық өнім сынса, оны жеті рет қайта өңдеуге болады. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері аталмыш бағытта арнайы жүйе жасап, экология мен экономиканы ұштастырып отыр.

Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу бойынша Оңтүстік Корея дұрыс және тиімді басқару мәселелерінде әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады. Бір қызығы, 1995 жылға дейін елдегі қоқыс жағдайы өте ауыр болды. Алайда, Ресейде жүргізіліп жатқан реформаларға ұқсас бірқатар реформаларды енгізу "қоқыс" мәселесін шешуге және экологиялық жағдайды едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. Оңтүстік Кореяның мұндағы сыры неде? Ең алдымен – корейлердің өздері. Ел халқы бірнеше жылдар бойы қалдықтарды өңдеудің жаңа әдістемесін жасады, ал еуропалықтар үшін бұл процесс ондаған жылдарға созылды. Осы тұста кәрістер жұмыстағы жылдамдығымен ерекшеленетін халық екенін тағы бір дәлелдеді.

Қалдықтармен күресте басты назар қайта өңдеуге аударылады. Оңтүстік Кореяда тіпті пластик құрамы бойынша санаттармен сұрыпталады. Бұқара халыққа ыңғайлы болу үшін тауардың қаптамасына арнайы код жапсырылады, бұл корейлерге осы өнімнің қандай пластикке жататынын анықтауға мүмкіндік береді.

Оңтүстік Корея тұрғындары шыны бөтелкелерді дүкенге апарып, ол үшін ақша ала алады. Бірақ тамақ қалдықтарын кәдеге жарату үшін арнайы процедура қарастырылған. Бүкіл елде табиғи тыңайтқыш пен био-жемге айналдыратын арнайы автоматты контейнерлік қондырғылар орнатылуда. Тек бір ғана Сеул қаласында мұндай қондырғылардың саны 500-ден асады. Оңтүстік Корея тек қайта өңдеу мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстары бойынша да көшбасшылық позицияны ұстанады. Елде заманауи технологиялар белсенді түрде енгізілуде – мұнда қоқыс 1200°C дейінгі температурада жұмыс істейтін арнайы қондырғыларда жағылады. Мұндай кәдеге жарату кешендері – инсинераторлар – Ресейде де бар. Оларды әзірлеумен және өндірумен «Эко-Спектрум» компаниясы айналысады.

Мәселен, Оңтүстік Кореяда «көлемді қоқыс шығару жүйесі» бар. Аталған жүйе қалдықтарды өңдеуге жұмсалатын шығынды шығарылатын қоқыстың құнымен теңестіре отырып жұмыс жасайды. Көлемді қоқыс шығару жүйесінің мақсаты – қалдықтарды азайту және қайта өңдеуге жарамды қалдықтарды бөлу. Қоқысты тастау үшін жақын маңдағы супермаркеттен сатып алуға болатын стандартты қоқыс дорбаларын пайдалану керек. Егер сіз қоқысты арнайы белгіленген жерде стандартты полиэтилен қоқыс пакеттерімен тастасаңыз, қайта өңдеу қызметкерлері оны белгіленген уақытта алып кетеді. Әр түрлі аудандардағы стандартты қоқыс пакеттері бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, оларды сатып алмас бұрын тексеріп алу керек. Егер тұрғын басқа аймаққа көшіп жатқан жағдайда үйінде қалған қоқыс дорбаларын пайдалануға болады.

Корейліктер қайта өңдеуден кейін тамақ қалдықтары мал азығы ретінде пайдаланатындықтан, оларды тастамас бұрын суды ағызып, зиянды заттарды алып тастау керек. Азық-түлік қалдықтарын тастау үшін оларды стандартты қоқыс пакеттеріне салу керек немесе арнайы белгіленген жерге тастау үшін жапсырма сатып алу керек. Пәтерлерде немесе көпқабатты үйлерде тамақ қалдықтарына арналған контейнерлер орнатылған.

Ұзақ уақыт көлемінде қолданысқа түскен жүйе боцынша тамақ қалдықтарын қалай бөлуге болады? Қалдықты тастар алдында кәрістердің жиі пайдаланатын соя пастасы, қызыл бұрыш пастасы, соя соусы, кимчи (кәріс ұлттық тағамдарының бірі) және т. б. натрийі жоғары тағамдарды сумен шаю міндетті. Тіс тазалағыштарды, бір реттік қолданыстағы таяқшаларды, пластикалық бөтелкелердің қақпақтарын, қабықтарды және



т.б. алып тастау керек. Тамақ қалдықтарынан басқа заттарды стандартты пластикалық қоқыс пакетіне тастау керек.

Қалдықтарды қайта өңдеп, пайдалану арқылы қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлесімізді қосатынымыз шетелдік тәжірибеден бедгілі. Қазіргі уақытта Оңтүстік Кореяда әртүрлі қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу міндетті болып табылады.

Сонымен қатар шағын тұрмыстық техниканың немесе ұялы телефонның қалдықтарын қосымша ақысыз жоюға болады. Шағын тұрмыстық техниканың қалдықтары жиналған күні жойылуы керек, ал ұялы телефон қалдықтары қаладағы қоғамдық қызмет көрсету орталығына жеткізілуі қажет. Ал қоқыс пакетіне сыймайтын үлкен қалдықтар (мысалы, жиһаз және тұрмыстық техника) туралы жергілікті тұрғындар аудандық басқармаға хабарласады. Ірі қалдықтарды жоюға арналған жабысқақ затбелгіні тиісті аудандық кеңседен немесе үлкен қоқыс жапсырмаларын мамандандырылған дүкеннен сатып алады (арнайысауда орталығы, пәтер әкімшілігінің кеңсесі және т.б.) Корейліктер тұрғылықты аудандарының веб-сайтынан "тазалау/қоршаған ортаны қорғау/гигиена аймағын" табу арқылы өздерін мазалаған сұрақтарға жауап ала алады.

Өнеркәсіптік қалдықтарды тікелей өңдеуге әрдайым мемлекет тарапынан да, бизнес тарапынан да ерекше назар аударылады. Еліміздің ірі кәсіпорындары қалдықтарды қайта өңдеу жүйесін нығайтуға мүдделі. Елдегі ірі компаниялардың мысалдарында қалдықтарды басқару шараларын қарастырсақ, қалдықтарды қауіпсіз басқару – мұнай-газ саласының алыбы Теңізшевройл (ТШО) қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Компаниядағы қалдықтарды басқарудың интеграцияланған жүйесі 3R (Reduce, Reuse, Recycle) қағидаттарына негізделген: қалдықтарды азайту, қайта пайдалану және қайта өңдеу. 3R бағдарламасы өндірілген қалдықтардың мөлшеріне айтарлықтай әсер етеді және қайта өңдеу мәдениетін дамытуға ықпал жасайды, бұл өз кезегінде бірқатар артықшылықтар береді. Жалпы, ТШО қалдықтардың 35-тен астам түрін өңдеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жақсы жаққа өзгеру үшін Қазақстандағы қалдықтарды басқару жағдайы барлық салаларда – қатты тұрмыстық қалдықтар мен коммуналдық қалдықтарда, сондай-ақ өнеркәсіптік қалдықтарда тиімді шараларды талап етеді, бірақ флагмандық компаниялардың оң мысалдары мәселенің толығымен шешілетініне оң болжам жасайды.

Алматыдағы кейбір университеттер мен ұйымдар мемлекеттің қатысуынсыз пластик, қағаз және шыны қалдықтарын жеке пункттерге тікелей тапсырады. Аталмыш білім ордадарының қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де бар. Тауар көлемі жиналған кезде компаниялар келіп қайта өңделетін заттарды өздері алып кетеді. Бірақ мұның бәрі жеке бастамалар деңгейінде — мемлекет міндеттегендіктен емес, ұйымдардың басшылығы жауапкершілікпен әрекет ететіндіктен.

Қазақстанда қалдықтарды кәдеге жарату мәселесін шешу үшін өндірушілердің кеңейтілген жауапкершілігі тұжырымдамасын енгізу қажет, деп есептейді ҚазҰУ саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының PhD докторанты Жәния Хайбуллина.әл-Фараби, аналитика мектебінің қатысушысы Дәулет Асанов және ШҚТУ аға ғылыми қызметкері Д. Серікбаева. Авторлардың пікірінше, ӨКЖ қағидатын енгізу қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату шығындарының бір бөлігін жабуға мүмкіндік береді және елдің "жасыл экономикаға" көшуі үшін маңызды қадам болады. «Ластаушы төлейді» – бұл 1980 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы енгізген тұжырымдама, кейінірек ол өндірген тауар үшін өндірушінің жауапкершілігіне дейін кеңейтілді. Еуропада бес-алты дәрежелі қалдықтарды жағу технологиялары қолданылады. Алайда, бұл жағдайда да қоршаған ортаға және адамға зиянды әсерден аулақ болу мүмкін емес. Сондықтан, Еурокомиссия Еуропалық Одақ елдеріне өртеу технологияларынан толығымен бас тартуды ұсынды.

Шетелдік тәжірибе мен ұсыныстарды басты назарға сла отырып, жаңа жүйеге қажетті ұсыныстарды анықтасақ:

- Ақпараттың ашықтығын және жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету;
- Бір рет қолданылатын пластиктен жасалған бұйымдардың айналымына заң жүзінде тыйым салу;
- Өңделмейтін тауарлардың, медициналық емес мақсаттағы ыдыстар мен қаптамалардың айналымын қысқарту
- Қоқысты міндетті түрде бастапқы сұрыптауды орнату, өйткені жиналған қоқысты зауытта сұрыптау қиын болады. Мысалы, сұрыпталмаған қоқыстарда жарылғыш заттар болуы мүмкін, бұл жарылыс қаупін тудырады;
- Қоқысты жинаудың барлық процесі экологиялық Кодекстің 324 бабының нормалары бойынша өтуі тиіс;

Қорыта айтқанда, адамдар арасында түсіндіру науқанын жүргізу, қоқысты бөлек жинау не үшін қажет екенін түсіндіру маңызды. Жеке тұлғалық мәдениетті қалыптастыру Қазақстанның "жасыл экономикаға" көшуі үшін іргетастардың бірі болуға тиіс. Өндірушілер экология мен экономика тұрғысынан дұрыс шешімдерді табуға ынталандырылуы қажет. Сайып келгенде, бұл шаралар қоршаған ортаға қоқыс шығарудан болатын зиянды азайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. How To Appropriately Throw Away Trash in Korea / Ред.: UoHorang [Электронды ресурс]. – 2022. Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://uofhorang.com/how-to-appropriately-throw-away-trash-in-korea/>
2. Қоқыс кәдеге жарайды / Ред.: Мадияр Төлеу [Электронды ресурс]. – «Айқын», 2020. – Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://www.google.com/imgres?imgurl=https%3A%2F%2Ffaikyn.kz%2Fupload%2Fmedia%2Fposts%2F2020%2F03%2Fmwsor-scaled.jpg&tbid=8j74LOVh4AMOCM&vet=1&imgrefurl=https%3A%2F%2Ffaikyn.kz%2F28485%2Fqoqys-kaedege-zharajdy&docid=O8AB7g2SjeO7XM&w=1200&h=1082&itg=1&hl=ru-kz&source=sh%2F%2Fim%2F4%2F3&kgs=c4dd7b491a65d5de&shem=abme%2Ctrie>
3. Проблема утилизации бытовых отходов остается актуальной для Казахстана [Электронды ресурс]. – VECHERKZ, 2024. – Қол жеткізу тәртіптемесі: <https://vecher.kz/problema-utilizatsii-bitovikh-otkhodov-ostaetsya-aktualnoy-dlya-kazakhstana>

МРНТИ 62:32

ЗЕЛЕНЫЙ PR

Муса Н.М.

докторант, КазНУ им. аль-Фараби, nazerkeden@gmail.com

Аннотация: *В современном мире, где проблемы экологии становятся все более острыми, корпоративная коммуникация играет ключевую роль в формировании образа компании в контексте ее экологической ответственности. В новой научной статье предлагается анализ роли зеленого PR в современной корпоративной коммуникации. Исследуя историю зеленого маркетинга, мы проследили его эволюцию от первых шагов в создании разного вида имиджа через зеленую рекламу.*

Ключевые слова: «зеленый PR», «зеленая экономика», «зеленый маркетинг».

Исходные данные и методы исследования. Для анализа истории зеленого маркетинга использованы исторические сведения о развитии этой практики начиная с 1960-х годов и до современности. В исследовании учтены примеры зеленой рекламы различных компаний, от электротехнических до нефтедобывающих, а также реакция общества на такие стратегии.

Введение. Зеленый PR, или PR в области экологии, становится все более важным элементом в корпоративной коммуникации. В условиях растущего общественного интереса к экологическим вопросам, компании вынуждены активно принимать участие в экологических инициативах и общественных дебатах. В данной статье рассматриваются различные стратегии зеленого PR, применяемые компаниями, а также их воздействие на общественное мнение и бизнес-результаты.

В следующих разделах мы анализируем конкретные экологические инициативы компаний, исследуем вопросы прозрачности и общественной ответственности, рассмотрим влияние онлайн-коммуникации и социальных медиа на формирование образа компании в контексте ее экологической деятельности, а также проанализируем важность сотрудничества с различными заинтересованными сторонами для достижения целей устойчивого развития.

1. Экологические инициативы компаний:

- Этот раздел статьи направлен на изучение конкретных экологических программ и проектов, которые компании реализуют в рамках своих зеленых PR-инициатив. Важно анализировать не только объявленные цели и мероприятия, но и реальные результаты и воздействие этих программ на окружающую среду и общество. Можно исследовать различные примеры успешных и неудачных экологических инициатив, их структуру, бюджет, партнеров и стратегии продвижения.

2. Прозрачность и общественная ответственность:

- Этот раздел статьи сосредотачивается на роли прозрачности и общественной ответственности в зеленом PR. Здесь можно проанализировать примеры компаний, которые сталкивались с обвинениями в "зеленом обмане" из-за несоответствия заявленным

экологическим целям и действительным практикам. Важно рассмотреть, как компании реагируют на критику и какие меры они принимают для восстановления доверия общественности.

3. Онлайн-коммуникация и социальные медиа:

- Этот раздел статьи исследует влияние социальных медиа на образ компании в контексте ее экологической ответственности. Здесь можно рассмотреть различные стратегии использования онлайн-коммуникации для улучшения репутации компании в области экологии: от создания контента, посвященного экологическим темам, до вовлечения аудитории в дискуссии и акции. Важно также изучить примеры успешных кампаний в социальных медиа и их воздействие на общественное мнение.

4. Сотрудничество с заинтересованными сторонами:

- В этом разделе статьи можно рассмотреть значение сотрудничества компаний с неправительственными организациями, активистами, учеными и другими заинтересованными сторонами в контексте зеленого PR. Важно проанализировать примеры успешных партнерских программ и проектов, а также выявить факторы, способствующие их эффективности и устойчивости.

В современном мире вопросы экологии и устойчивого развития становятся все более актуальными. Как организации могут поддерживать свою экологическую ответственность и одновременно продвигать свои продукты на рынке? Одним из методов, который привлекает все большее внимание исследователей и общественности, является явление, известное как "зеленый камуфляж".

Понятие "зеленого камуфляжа" включает в себя как положительные, так и отрицательные аспекты воздействия корпораций на окружающую среду. Оно представляет собой селективное раскрытие положительной информации о экологической деятельности компании, при этом умалчивая или минимизируя отрицательные аспекты. Однако, существует и обратная сторона этого явления, известная как "зеленая камуфляж".

"Зеленая камуфляж" - это явление, когда компании умышленно создают ложное впечатление о том, насколько их продукты экологически безопасны или благоприятны для окружающей среды. Это может включать в себя различные тактики, от необоснованных заявлений до манипуляции с данными, с целью убедить потребителей в экологической дружелюбности своих товаров или услуг.

В данном контексте, взаимодействие организаций с природной средой становится объектом повышенного внимания как со стороны исследователей, так и общественности. Потребители и заинтересованные стороны все больше полагаются на информацию, предоставляемую компаниями, и сталкиваются с вызовом отделения реальной экологической деятельности от маркетинговых уловок.

В данном исследовании мы рассмотрим концепции "зеленого камуфляжа", проанализируем их влияние на организации и потребителей, а также рассмотрим возможные пути борьбы с этими негативными практиками.

"Зеленая камуфляж" - это селективное раскрытие положительной информации без полного раскрытия отрицательной информации с целью создания чрезмерно позитивного корпоративного образа (Лайон и Максвелл, 2011). "Зеленая камуфляж" является центральным эмпирическим явлением во взаимодействии организаций с природной средой, потому что заинтересованным сторонам трудно напрямую оценить экологическую деятельность фирм. Это приводит к тому, что стейкхолдеры полагаются на фирмы для выражения своего экологического качества через отчеты организаций, рекламу, корпоративные веб-сайты или экологические сертификационные схемы.

"Зеленая камуфляж" - это процесс передачи ложного впечатления или вводящей в заблуждение информации о том, насколько экологически безопасны продукты компании. Она включает в себя делание необоснованных заявлений с целью обмануть потребителей, заставив их верить, что продукты компании экологически дружелюбны или оказывают более положительное экологическое воздействие, чем это на самом деле.

Кроме того, "зеленая камуфляж" может происходить, когда компания пытается подчеркнуть устойчивые аспекты продукта, чтобы замаскировать участие компании в практиках, наносящих вред окружающей среде. Это осуществляется с использованием экологических образов, вводящих в заблуждение этикеток и скрывания компромиссов. "Зеленая камуфляж" - это игра слов с термином "белизна", который означает использование ложной информации для целенаправленного скрывания неправильных действий, ошибок или неприятных ситуаций в попытке сделать их менее плохими, чем они есть.

Термин "зеленая камуфляж" был впервые предложен Нью-Йоркским экологическим активистом Джеем Вестервельтом в 1986 году. В своем эссе о гостиничном бизнесе он описал ситуацию, когда гостиницы призывали гостей повторно использовать полотенца, представляя это как заботу об окружающей среде, хотя на самом деле целью было сокращение затрат на стирку белья. Такое поведение, направленное в основном на максимизацию прибыли, а не на реальную экологическую заботу, он назвал "зеленым камуфляжем".

Термин "зеленая камуфляж" применяется к случаям, когда компании рекламируют свои экологические достижения, не вкладывая при этом реальных усилий в "зеленые" технологии. Примером может служить наклеивание на упаковку с химикатами для сельского хозяйства ярких этикеток с изображением зеленых деревьев, создающих ложное впечатление о безопасности и экологичности продукта. Омбудсмен по потребительским товарам в Норвегии выявил случаи, когда производители автомобилей утверждали, что их машины экологически чистые. Однако теперь использование подобных терминов в рекламе ограничено, поскольку автомобили сами по себе могут оказывать негативное воздействие на окружающую среду.

Результаты. В 1960-е годы началась популяризация экологического движения в западных странах, что способствовало множеству компаний создать себе положительный образ с помощью зеленой рекламы. Пионером в этом стала американская электротехническая компания Вестингауз, беспокоясь об антиядерном движении, они начали рекламную кампанию о чистоте и безопасности ядерной энергии. Например, в одной из их рекламных публикаций была изображена ядерная установка на нетронутом озере с подписью «без запаха, аккуратная, чистая, безопасная», однако, утверждения о безопасности были противоречивы, особенно после известных ядерных инцидентов в Мичигане и Айдахо в 1969 году.

В 1970-е годы, в свете распространения зеленых идей, многие компании начали вкладывать значительные средства в «зеленый камуфляж». Например, коммунальная служба США потратила огромные суммы на рекламу себя как экологически чистой компании, в то время как на исследования методов снижения загрязнения было потрачено намного меньше.

